

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Басқару институты

қолжазба құқығында

Әжібеков Оспан Даниярұлы

**АШЫҚ КОНКУРС ТӘСІЛІ АРҚЫЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ
МЕХАНИЗМІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ**

«7M041 – Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша
«7M04122 – Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы

«7M04122 - Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы бойынша бизнес және басқару
магистрі дәрежесін алу үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші _____

экономика ғылымдарының
кандидаты Жугунисова Ж.В.

Жоба қорғауға жіберілді: «_____» _____ 2023 ж.

Институт директоры: _____

саясаттану ғылымдарының
докторы Ғаипов З.С.

Астана, 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
КІРІСПЕ.....	6
НЕГІЗГІ БӨЛІМ.....	8
ҚОРЫТЫНДЫ.....	40
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....	42
ҚОСЫМШАЛАР	46

Нормативтік сілтемелер

«Әкімшілік құқық-бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V Заңы.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V Заңы.

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығы.

«Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және жүргізудің қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 694 бұйрығы.

«Мемлекеттік сатып алу саласында өз қызметін жүзеге асыратын жұмыскерлерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 697 бұйрығы.

«Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1200 қаулысы.

"Мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай операторды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 23 тамыздағы № 516 бұйрығы.

«Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбелерін анықтау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 1127 бұйрығы.

«Біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 521 бұйрығы.

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін уәкілетті орган анықтайтын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі № 798 бұйрығы.

«Мемлекеттік сатып алу туралы жыл сайынғы есепті дайындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 4 ақпандағы № 104 бұйрығы.

«Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 8 маусымдағы № 47-VII Заңы.

«Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 1253 бұйрығы.

«Негіздемелік келісім пайдаланылатын конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 17 қаңтардағы № 44 бұйрығы.

«Мемлекеттік сатып алу тауарлардың электрондық каталогынан жүзеге асырылатын тауарлардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 19 қаңтардағы № 52 бұйрығы.

"Мемлекеттік сатып алу Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің өмірлік циклінің құнын есептеуді пайдалана отырып, конкурс тәсілімен жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының - Қаржы министрінің 2022 жылғы 28 қарашадағы № 1203 бұйрығы.

Белгілеулер мен қысқартулар

АЕК	айлық есептік көрсеткіш
АҚ	акционерлік қоғам
АҚШ	Америка Құрама Штаттары
ӘК	әлеуметтік корпорациялар
ӘҚБтК	Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс
БҚО	Батыс Қазақстан облысы
ЕО	Еуропалық Одақ
ҚМЖ	құрылыс-монтаждау жұмыстары
ҚР	Қазақстан Республикасы
МСА	мемлекеттік сатып алу
НҚА	нормативтік құқықтық актілер
ІМАД	Ішкі мемлекеттік аудит департаменті
ІМАК	Ішкі мемлекеттік аудит комитеті
СҚО	Солтүстік Қазақстан облысы
ТЖКҚ	тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер
ҰБХ	ұлттық басқарушы холдинг
ҰК	ұлттық компания
ҰХ	ұлттық холдинг
ШҚО	Шығыс Қазақстан облысы
ЭМСА	электрондық мемлекеттік сатып алу
NRA	National Road Association

Кіріспе

Зерттеудің өзектілігі. Мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік ведомстволар, ұйымдар мен мекемелер шығыстарының негізгі бөлігін құрайтын мемлекеттік сатып алу ұзақ мерзімді кезеңде ұлттық экономиканың орнықты дамуын қалыптастырудың маңызды факторларының бірі ретінде әрекет етеді.

Мемлекеттік сатып алу көлемінің ұлғаюы ұлттық өндірушілерді қолдау мен ынталандыру және салалық пен өңірлік экономиканың құрылымын реттеу үшін жиынтық сұраныстың өсу факторы болып табылады. Бұдан басқа, мемлекеттік тапсырыстар арқылы сатып алынатын өнім көлемін теңгерімді реттеу кезінде оның белгілі бір түрлері бойынша баға динамикасына оң әсер етілуі мүмкін.

Барлық деңгейдегі бюджеттердің мемлекеттік сатып алуға қомақты шығыстары мемлекеттік сатып алуды басқару жүйесін дамыту, олардың экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесіндегі рөлі мен орнын талдау қажеттілігін өзектендіреді.

Бюджет қаражатын тиімді пайдалану, қатысушылар үшін мүмкіндіктерді кеңейту және жариялылықты, тапсырыстарды орналастырудың ашықтығын қамтамасыз ету, адал бәсекелестікті дамыту мен тапсырыстарды орналастыру өрісіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында мемлекеттік сатып алуды басқару жүйесін жетілдіру ұлттық өнеркәсіптің жоғары технологиялық салаларын дамыту саясаты контекстінде ерекше айқындыққа ие болады [1].

Қазақстан Республикасының Үкіметі шешім қабылдау және мониторинг процесіне жұртшылықтың тиісті деңгейде қатысуын ынталандыру үшін мемлекеттік сатып алу жүйесі мен мемлекеттік қаржы және мемлекеттік басқарудың жалпы жүйесі арасындағы тиімді байланыс үшін барған сайын зор мүмкіндіктер жасайды.

Мемлекеттік сатып алудың заңнамалық және нормативтік-құқықтық базасы өткен (қаржы) жылдың бірінші жартысында жүзеге асырыла бастайтын және келесі қаржы жылына арналған бюджеттік жоспарлау процесінің шеңберінде жыл сайынғы бюджеттік өтінімдерді дайындаумен аяқталатын тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге қажеттіліктерді талдау негізінде сатып алуды жоспарлау бойынша жақсы қалыптасқан тәжірибені дамытуға ықпал етті. Алайда, мұндай тәжірибе нарыққа оңтайлы көзқарасты анықтауға және бәсекелестіктің әділ деңгейіне және ақшаның оңтайлы ара-қатынасына қол жеткізу үшін сатып алудың ең жақсы әдісін таңдауға мүмкіндік беретін сатып алуды жоспарлауға құрылымдық және жан-жақты тәсілдемені қолданбайды.

Мемлекеттік сатып алу туралы Заң рұқсат етілген сатып алу тәсілдерін қолдану тәжірибесі, әсіресе ашық конкурс әдісін қолдану бөлігінде, тиімсіздіктің белгілі бір белгілерін көрсетеді. 2022 жылы осы әдісті қолдана отырып, барлық сатып алулардың 15,4% өтпеді немесе жарамсыз деп

танылды, бұл болашақта бәсекелестікке жатпайтын әдістерді, мысалы, бір көзден, қолдануға әкелді. Ашық конкурс тәсілін қолданудың қолданыстағы тәжірибесі негізгі критерийлерге сәйкес келмейтін өтінімдердің жоғары деңгейімен (50%) сипатталады, бұл конкурстық процестердің бәсекелестік нәтижелерінің ықтималдығын азайтады. Одан басқа, қосымша артықшылықтар беретін бағалық емес сипаттамалар үшін тұрақты жеңілдіктерді қолдану тәжірибесі жарамсыз болып көрінеді, өйткені кейбір талаптар жалпы сипатта болады және әрқашан сатып алу объектісінің сипатымен тікелей байланысты бола бермейді, сондай ақ сапалық сипаттамаларды олардың маңыздылығы немесе сатып алу мақсаттарына қол жеткізудегі өзектілігі және әрбір жеке сатып алу операциясының түпкілікті нәтижелері тұрғысынан саралауға мүмкіндік бермейді. Бұл тәжірибе жетілдіріліп, мүмкіндігінше үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес келтірілуі мүмкін [2].

Магистрлік жобаның мақсаты – ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу тетігінің тиімділігін жетілдіру бойынша практикалық ұсынымдар әзірлеу.

Осы қойған мақсатқа жету үшін келесі **міндеттер** орындалды:

- ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу процесінде мемлекеттік сатып алу субъектілерінің қатынастарын реттейтін НҚА-ны зерделеу және талдау;

- әдеби дереккөздерді, оның ішінде шетелдік авторларды, зерделеу және магистрлік жоба тақырыбы бойынша әдеби шолу жүргізу;

- мемлекеттік сатып алуды ашық конкурс тәсілімен өткізудің ағымдағы жағдайын талдау және негізгі проблемаларды анықтау;

- ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу тетігінің тиімділігін жетілдіру бойынша практикалық ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу нысаны мемлекеттік сатып алудың механизмі болып табылады.

Зерттеу пәні – ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру процесіндегі қатынастар жиынтығы.

Гипотеза немесе күтілетін нәтижелер: Өтінімдерді ұсыну және мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімдеріне икемді тәсілдеме қосымша қатысушыларды тартуға көмектеседі, бұл бәсекелестіктің өсуіне, өткізілмеген конкурстар үлесінің төмендеуіне, демек, әлеуетті өнім берушілердің ұсыныстарындағы баға мен сапаның оңтайлы арақатынасын қамтамасыз етуге әкеледі.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы ұсынылған ұсынымдар ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу тетігінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретіндігінен тұрады.

Басылым. Магистрлік жоба аясында «Қазіргі әлемдегі ғылым және білім: 21 ғасырдың сын-тегеуріндері» ХҒПК материалдарының жинағында «Мемлекеттік секторда сатып алуды басқаруды жетілдірудің теориялық негіздері» атты ғылыми мақала шықты.

Негізгі бөлім

Әдебиетке шолу

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алу мәселесі өзекті, өйткені әрбір ұйым өз жұмысында мемлекеттік сатып алуды пайдаланады. Бұл мемлекет үшін мемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандырудың ең тиімді әдісін таңдаудың, сондай-ақ жабдықтаушының тапсырысты алудың және Мемлекеттік сатып алу туралы заң тұрғысынан өзін ең жақсы қырынан көрсетуге мүмкіндік алудың жақсы тәсілі.

Қазіргі ғылыми әдебиетте мемлекеттік сатып алу жүйесінің жұмыс істеу мәселелері кеңінен зерттелген.

Мемлекет қажеттіліктері үшін келісім-шарттық сатып алу жүйесінің жұмыс істеуінің жалпы мәселелері тұрғысынан Д.А. Федотов пен А.А. Шибанова сияқты ғалымдардың жұмыстарын атап өтуге болады. Мысалы, Д.А. Федотов өзінің ғылыми мақаласында эконометрикалық әдісті ең жетілдірілген әдіс ретінде қолдануды ұсынады. Оның зерттеуі жүйелік блоктардың бағаларын модельдеуге негізделген. Зерттеуде келтірілген жүйелік блоктар бағасының эконометрикалық моделі жоспарлау кезеңінде мемлекеттік келісім-шарттың бастапқы (максималды) бағасының жоғарылауын анықтауға мүмкіндік береді. Мақалада осы әдістің негізгі болжамдары келтірілген [3]. А.А. Шибанованың жұмысында Ресейдің келісім-шарттық жүйесінің даму тенденциялары, сондай-ақ АҚШ пен Ұлыбританияда мемлекеттік сатып алу жүйесін ұйымдастыру тәжірибесі қарастырылып, әртүрлі елдердің келісім-шарттық жүйелерінің негізгі белгілері анықталды. Автор мемлекеттік сатып алудың тиімділігін қамтамасыз етудің тиімді тетіктерін анықтау мақсатында Ресейдің және басқа елдердің қолданыстағы келісім-шарттық жүйесіне салыстырмалы талдау жүргізді [4].

Ұлттық экономикалық жүйеде мемлекеттік сатып алудың экономикалық мәні мен мазмұнын ғылыми зерттеуде авторлар қолданатын мемлекеттік сатып алу жүйесінің отандық теориясын қалыптастыруға Б.Б. Аубакирова, Л.А. Горковенко, О.В. Протасова, Е.С. Мұхтар, С.А. Рамазан, А.К. Шарипов, А.И. Ормышев үлкен үлес қосты. Б.Б. Аубакирова мен оның авторластары ҚР-дағы электрондық мемлекеттік сатып алу жүйесінің мәселелері мен даму перспективаларын атап көрсетеді, атап айтқанда, олар мынадай негізгі мәселелерді атап өтеді: мемлекеттік сатып алудың салық-құқықтық базасын тұрақты өзгерту; электрондық алаңдарды техникалық интеграциялау; тіркелмеген әлеуетті өнім берушілер қолжетімділігінің шектелуі [5]. Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арналған диссертациясында Е.С. Мұхтар Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі логистикалық процестерді реттеудің мәселелері мен перспективаларын ашады [6]. Магистрлік жобада С.А. Рамазан Қазақстан Республикасының

мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсімдерін жетілдіру мәселелерін қарайды [7]. Отандық зерттеушілер А.К. Шарипов пен А.И. Ормышев өз жұмыстарында электрондық мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырудың эволюциясын қарастырады [8].

Қазіргі жағдайда сатып алу қызметін ұйымдастырудың қаржылық механизмі ресейлік ғалымдар Ю.Г. Тюрина мен А.А. Шуинаның жұмысында ұсынылған. Мақалада мемлекеттік қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) мемлекеттік сатып алуды қаржыландырудың анықталған мәселелері мен тенденциялары көрсетілген. Осыған байланысты, жүргізілген есептеулер негізінде авторлар жүйеге нейрожелілерді, блокчейн және СМАРТ-келісімшарттар тетіктерін енгізу арқылы анықталған мәселелерді шешудің баламалы тетіктерін ұсынды, бұл мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, сондай-ақ билік органдарының азаматтармен өзара іс-қимылының барлық сұрақтарын жеңілдетуге және жеделдетуге мүмкіндік береді. Оларды қолданыстағы жүйелерге ендіру серверді ұстауға, жүйенің тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге кететін шығындарды азайтып қана қоймай, сонымен қатар әртүрлі көздерден алынған дерекқорларды жедел толықтыруға, бүкіл жүйенің ашықтығын, азаматтар үшін деректердің қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, сондай-ақ халықтың әртүрлі санаттары үшін түйсіктік түсінікті интерфейске ие болады [9].

Мемлекеттік сатып алу жүйесінің әдіснамалық аспектілері ғылыми ойдың жетекші өкілдері Л.И. Юзвович пен Н.Ю. Исакованың жұмыстарында келтірілген. Жоғарыда аталған зерттеушілердің монографиясында Ресейдің ұлттық қорғанысының қажеттіліктері үшін мемлекеттік сатып алу жүйесінің әдіснамасы, оның ішінде қорғаныстық қамтамасыз ету өрісіндегі мемлекеттік сатып алудың тарихи дамуының ұйымдастырушылық-реттеуші аспектілері, ұлттық қорғаныстың қазіргі даму кезеңінде мемлекеттік сатып алу жүйесінің қазіргі заманғы ұйымдастырылуы мен әрекет етуі қарастырылған [10].

Практикалық мазмұн мәселелерінде отандық және шетелдік авторлар К.Е. Картавых, Ю.Д. Родионова, М.А. Саклеев, Л.В. Никифорова, В.Д. Плотниковтың еңбектері бар. Мысалы, К.Е. Картавых, Л.В. Никифорова мен Ю.Д. Родионова экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болуға арналған диссертацияларында мемлекеттік сатып алудың мынадай практикалық аспектілерін қарастырады: осы өрістегі экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, мемлекеттік сатып алу нарығындағы жабдықтаушылардың мінез-құлық стратегиялары және өңірлік өнеркәсіптік кешен өрісіндегі мемлекеттік сатып алулар [11-13].

Мемлекеттік сатып алудың тиімділік мәселелері ғалымдар Д.Б. Есмағамбетов, А.С. Кожумов, А.А. Ниязов, Р.Қ. Елшібаев, С.А. Қожабаева, Б.Т. Бейсенғалиевтің еңбектерінде көрініс тапты [14-16].

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесі В.И. Антонов, О.В. Киселева, Е.Р. Борисова, Золоторева, Э.Р. Касянчик П.И.,

Мубаракшина, Н.А. Francis Ssenoga, Beata Grzyl және басқалардың еңбектерінде келтірілген [17-23].

Бұл жұмыстарда Колумбия, Ирландия, АҚШ, Польша, Жаңа Зеландия және ЕО тәжірибесі келтірілген.

Барлық дерлік елдерде мемлекеттік сатып алу тетігі екі негізгі қағидаға негізделуі керек: үнемдеу және әділеттілік. Мемлекеттік сатып алу процесі үшін осы қағидалардың маңыздылығы және оларды жүзеге асыру тетігі барлық мемлекеттік тапсырыс берушілерге, олар жүзеге асырылатын тиісті тауарлардың түпкілікті алушыларына, сондай-ақ жабдықтаушылар мен мердігерлер қауымдастығына жеткізілуі тиіс.

Конкурстық негізде сатып алу әлемнің көптеген елдерінде мемлекеттік қажеттіліктер үшін тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудың негізгі тетігі болып табылады. Бұл механизмді пайдалану салық төлеушілердің қаражатын үнемдеуге, сатып алу туралы шешім қабылдау процесінің ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді. Конкурстарды өткізу рәсімдері заңнамамен де, сондай-ақ сатып алу саласындағы үздік практика кодекстері және мемлекеттік органдар немесе қоғамдық ұйымдар құратын ұқсас құжаттар сияқты әртүрлі ұсынымдармен де регламенттеледі. Конкурстар өткізудің неғұрлым егжей-тегжейлі регламенттелуі де бар. Ирландияның ұлттық жол қауымдастығы (National Road Association, NRA) жолдар мен басқа да қоғамдық объектілерді салу жұмыстарын сатып алуды реттейтін тендерлерді ұйымдастырудың келесі тәсілдемелерін ұсынады:

- өтінімдерді қабылдаудың аяқталу күні NRA жазбаша мақұлдауынсыз кейінге қалдырылмауы тиіс;

- барлық өтінімдерге алу күні мен уақыты қойылуы тиіс;

- ашылғанға дейін өтінімдердің сақталуын қамтамасыз ететін шаралар қабылдануы тиіс;

- өтінімдерді ашу белгіленген рәсімдерге сәйкес қатаң түрде жүргізілуі тиіс;

- барлық үміткерлер ұсыныстарды ашқаннан кейін 24 сағат ішінде екі тізім түрінде – алфавиттік және бағалау нәтижелері бойынша өсу тәртібімен ұсынылуы тиіс;

- бағаланған өтінімдер мазмұнының сақталуы қамтамасыз етілуі тиіс;

- келісім-шартты орындау үшін барлық үміткерлердің сәйкестік деңгейі мен мүмкіндіктері тексерілуі керек;

- барлық бағаланған өтінімдер стандартты нысанда жинақталады;

- барлық өтінімдерді тәуелсіз бағалау жүргізілуі керек; егер келісім-шарттың құны 5 миллион ирландиялық фунттан асатын болса, бағалауды тәуелсіз инженерлік-сметалық компания, ал кішірек келісім-шарттар жағдайында – басқа әкімшіліктердің қызметкерлерінен тұратын тәуелсіз команда жүргізуі керек;

- өтінімдерде ұсынылған есептеулерді тексергеннен кейін өтінімдердің біліктілік критерийлеріне сәйкестігін, талап етілетін құжаттардың толық ұсынылуын және т.б. тексеру қажет;

- егер белгілі бір жұмыстарға арналған бағалар өте жоғары немесе өте төмен деп бағалануы мүмкін болса, осы бағалардың жазбаша транскрипциясы ұсынылуы тиіс, қажет болған жағдайда сыртқы сарапшылар тартылуы керек;

- үміткерлермен алдын ала келіссөздер жүргізілмегеніне көз жеткізу қажет. Егер ұсынылған ақпаратты түсіндіру қажет болған жағдайда, олар жазбаша нысанда ұсынылуы тиіс.

Британдық заңнамада және ЕО заңнамасында сатып алуды, атап айтқанда конкурстарды ақпараттық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар бар. Еуропалық одақтың талаптарына сәйкес сатып алуды жүзеге асыратын мемлекеттік тапсырыс берушілер мен олар уәкілеттік берген ұйымдар сатып алу жөніндегі жоспарларын талап етілетін жеткізілімдердің немесе қызметтердің елеулі сипаттамалары туралы ақпаратты жариялау арқылы хабарландыруы тиіс.

Жаңа Зеландияда мемлекеттік қажеттіліктер үшін тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізуге арналған конкурстарды өткізу кезінде кепіл талап ету де қолданылады.

Барлық дерлік елдерде сатып алудың бірнеше негізгі тәсілдері пайдаланылады. Бұл ретте барлық жерде сатып алудың негізгі тәсілі ашық конкурс болып танылады. Себебі ашық конкурс көп жағдайда бәсекелестікті ынталандырудың және сәйкесінше шығындарды азайтудың ең тиімді механизмі болып табылады. Қытайдың Мемлекеттік сатып алу туралы Заңында ашық конкурс рәсімі мемлекеттік қажеттіліктер үшін сатып алуды жүзеге асырудың негізгі тәсілі ретінде танылады.

Сонымен қатар, ашық конкурсты ұйымдастыру айтарлықтай ақшалай және уақыт шығындарын талап етеді, ақпараттық ашықтықтың жоғары деңгейін ұйғарады. Бұл механизм тауарларды шағын сатып алуда не тауарлар немесе қызметтер нарығы бәсекеге қабілетті болған кезде тиімсіз болады, яғни сатып алуды баға белгілеу сауалдарын пайдалана отырып өткізуге болады. Сондықтан, әдетте, заңнамада сатып алудың бұл тәсілі қолданылмайтын шарттар қойылады.

Еуропалық Одақтың заңнамасында мемлекеттік қажеттіліктер үшін сатып алуды ұйымдастырудың келесі тетіктерін пайдалану мүмкіндігі жарияланады. Біріншіден, бұл конкурстық сатып алулар. Олар өз кезегінде барлық мүдделі жабдықтаушылар мен мердігерлердің қатысу мүмкіндігін көздейтін ашық және тендерге тек арнайы шақырылған жабдықтаушылар мен мердігерлер қатыса алатын жабық болып бөлінеді. Бұл ретте конкурстық іріктеудің көп сатылы рәсімдері болуы мүмкін. Екіншіден, мемлекеттік тапсырыс беруші таңдалған мердігерлерге кеңес беруден және бір немесе бірнеше мердігерлермен келісім-шарттың ықтимал шарттары туралы келіссөздер жүргізуден тұратын келіссөздер рәсімдерін пайдалануға болады. Польшада мемлекеттік қажеттіліктер үшін тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру кезінде келесі рәсімдерді қолдануға болады: ашық тендерлер, жабық тендерлер, екі сатылы тендерлер,

бәсекелестік элементтерін сақтай отырып келіссөздер, баға белгілеуге сауал қоя отырып сатып алу, бір жабдықтаушыдан сатып алу. Сонымен қатар, жобалау мен дизайнға байланысты жұмыс сатып алынған кезде шығармашылық конкурс өткізілуі мүмкін. Польшада сатып алудың негізгі тәсілі ашық конкурс болып табылады. Жалпы алғанда, бұл механизмнен бас тарту 30 мың еуродан аз көлемде қоғамдық қаражатты пайдалануды көздейтін шағын сомаларға сатып алу кезінде ғана мүмкін болады. Польша заңнамасында тұжырымдалған ашық конкурс рәсіміне қойылатын келесі талаптар қандай да бір нысанда көптеген қарастырылған елдердің заңнамаларына ортақ болып табылады:

- ашық конкурсқа өтінімдерді жабдықтаушыны іріктеуге қатысқысы келетіндердің барлығы бере алады;

- мемлекеттік тапсырыс беруші ашық тендер өткізу туралы хабарландыруды өзінің Интернет желісіндегі сайтында орналастыруы және сатып алу жөніндегі ресми бюллетеньде тендерге қатысуға шақыруды жариялауы міндетті;

- ашық конкурстың ерекшеліктері - мөрленген өтінімдерді беру, әлеуетті өнім берушілермен келіссөздер жүргізуге тыйым салу және өтінім берілгеннен кейін оның мазмұнын өзгертудің мүмкін еместігі.

Америка Құрама Штаттарында ұқсас механизмдер пайдаланылады. Бәсекелестікті ынталандырудың негізгі тәсілдердің бірі - мөрленген өтінімдер берілетін ашық конкурстар. АҚШ-та бұл рәсімге келесі шарттар орындалған жағдайда артықшылық беріледі:

- мұндай конкурсты өткізуге, ұсыныстарды жинауға және бағалауға жеткілікті уақыт бар;

- баға бойынша немесе бағаға негізделген факторлар бойынша бағалау жүргізу көзделеді;

- мүмкін жабдықтаушылармен олардың ұсыныстарын талқылаудың қажеті жоқ;

- біреуден артық ұсыныс болады деп ұйғаруға негіз бар.

Жаңа Зеландияда конкурстар мемлекеттік қажеттіліктер үшін тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудың негізгі тәсілі ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, барлық жерде сияқты, ашық конкурстарға артықшылық беру ұсынылады. Бұл ретте мемлекеттік тапсырыс берушіге конкурс өткізілгеннен және жеңімпазды таңдағаннан кейін жеткізу шарттары бойынша жабдықтаушымен келіссөздер жүргізуге рұқсат етіледі. Жеткізу шарттары мен мерзімдері, жеткізу тәсілі, төлем шарттары, кепілдік міндеттемелері, техникалық қолдау және техникалық қызмет көрсету, жөндеу және т.б. сияқты мәселелер талқылануы мүмкін.

Конкурстарды тікелей өткізудің бірқатар ерекшеліктері бар. Конкурстарды ұйымдастыру кезінде бірқатар сұрақтарға жауап беру қажет, мысалы, жабдықтаушылар консорциумдарының қатысуы туралы. Барлық қарастырылған елдерде жабдықтаушылар топтары жеке жабдықтаушылармен қатар тендерге қатыса алады. Мысалы, Еуропалық

Одақ «жабдықтаушылар топтары конкурстарға қатыса алады» деп мәлімдейді. Оларға конкурсқа қатысу үшін заңды түрде бөлінген бірлестік құрудың қажеті жоқ, бірақ егер олар конкурста жеңіске жетсе, бұл қажет болуы мүмкін. Польшада мұндай бірлестікке кіретін жабдықтаушылар келісім-шарт жасалған жағдайда оның сәйкес түрде орындалмағаны үшін бірге жауап беруі керек.

Колумбиядағы ашық конкурсқа қатысушылардың өтінімдері үш критерий бойынша бағаланады: 1) үнемділік, 2) техникалық сипаттамалар және 3) ұсынылатын тауарлар мен қызметтердің шығу тегі. Үнемділік үшін баллдар конкурстық ұсыныста көрсетілген бағаны ескере отырып беріледі. Техникалық сипаттамаларға келетін болсақ, сатып алушы ұйым баллдарды сапа, жеткізу уақыты және әлеуметтік жауапкершілік сияқты критерийлер негізінде бөле алады. Заң бойынша, сауда келісімдерінің ережелеріне сәйкес тауарлар мен қызметтерді жергілікті, колумбиялық жабдықтаушыларға немесе олардың серіктестеріне баллдардың 20%-на дейін берілуі керек.

ЕО-да ашық конкурс кез келген компания қатысуға өтініш бере алады деп ұйғарады. Конкурстық өтінімдерді ұсынудың ең аз мерзімі сатып алу туралы шарт жасасу ниеті туралы хабарлама жарияланған күннен бастап 35 күнді құрайды. Егер алдын ала хабарлама жарияланған болса, онда мерзім 15 күнге дейін қысқартылуы мүмкін.

Зерттеу әдістері

ҚР-да мемлекеттік сатып алудың ағымдағы жай-күйіне талдау жүргізу үшін осы саладағы ғалымдардың отандық және шетелдік еңбектері пайдаланылды. Жұмыста ҚР Мемлекеттік сатып алу веб-порталының есептік деректері, Қаржы министрлігінің, Дүниежүзілік банктің статистикалық деректері пайдаланылды. Талдау және синтез әдісімен сатып алу жүйесі бөліктер бойынша да, тұтастай алғанда да зерттелді. Бұл магистрлік жобада мемлекеттік сатып алу саласының нормативтік-құқықтық базасы, ҚР Президентінің Жарлықтары, заңдар, ҚР Үкіметінің қаулылары, халықаралық экономикалық ұйымдардың, Дүниежүзілік Банктің ұсыныстары талданған. Атап айтқанда, 10 тараудан және 52 баптан тұратын Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» №434-V Заңы талданды [24]. Осы Заңмен тапсырыс берушінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды не жарғылық қызметін орындау үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алу субъектілері арасындағы қатынастар реттеледі. Одан басқа тағы да бір маңызды НҚА Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары болып табылады [25]. Магистрлік жобаның тақырыбына тікелей қатысы бар тағы бір НҚА «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін уәкілетті орган анықтайтын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы

министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі №798 бұйрығы [26]. Аталмыш құжатта мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін уәкілетті орган айқындайтын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі ұсынылған. Осы бұйрыққа сәйкес конкурс тәсілімен, оның ішінде ашық тәсілмен: құрылыс-монтаждау жұмыстарын (ҚМЖ), техникалық-экономикалық негіздемені, жобалау-сметалық (үлгілік жобалау-сметалық) құжаттаманы және қала құрылысы жобаларын әзірлеу жөніндегі жұмыстарды, объектілер құрылысы жобаларын ведомстводан тыс кешенді сараптау жөніндегі жұмыстарды, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыруға болады.

Өзекті ақпараттық деректер ғалымдардың еңбектерінен, камералдық ішкі мемлекеттік аудиттің үзіндісінен зерделенді, отандық мемлекеттік сатып алу веб-порталының материалдары, жаңалықтар порталдарынан, сондай-ақ зерттеу тақырыбы бойынша мемлекеттік органдардың есептері мен халықаралық шолулар пайдаланылды. Магистрлік жобаны жазу барысында салыстырмалы талдау, деректерді топтастыру, жүйелік талдау қолданылды. Зерттеудің сандық және сапалық әдістері мемлекеттік сатып алудың нақты аспектілерін зерттеу барысында қолданылды. Статистикалық байқау мемлекеттік сатып алу веб-порталының деректері негізінде жүргізілді. Қазақстан Республикасының электрондық сатып алу жүйесінде сүзгі, сондай-ақ сатып алынатын тауарлар жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер туралы, жалпы ел бойынша және өңірлер бөлінісінде саны, әдістері, сомасы және басқа да деректер туралы деректерді жинау және ұсыну үшін тізілімдер көзделген. Салыстырмалы талдау 2019-2022 жылдар аралығындағы камералдық бақылауды зерттеуде қолданылды. Сондай-ақ Google нысанында мемлекеттік сатып алу субъектілерінің онлайн-сауалнамасы пайдаланылды. Google нысанында жүргізілген онлайн-сауалнаманы талдау нәтижелері оған 55 респондент, оның ішінде 29 ер адам (52,7%) және 26 әйел (47,3%) қатысты. Респонденттердің негізгі санаты 31-40 жас (38,2%), 41-50 жас (30,9%), 21-30 жас (25,5%) аралығында. Респонденттердің негізгі үлесі Ақмола облысының (47,3%), Түркістан облысының (14,5%), Ақтөбе облысының (9,1%), Жамбыл облысының (7,3%) өкілдері.

Талдау және зерттеу нәтижелері

Кез келген зерттеу зерттелетін саладағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді зерттеуден басталады. Бұл магистрлік жоба да ерекшелік емес. Бүгінгі таңда Қазақстанда мемлекеттік сатып алу субъектілерінің қатынастарын реттейтін НҚА белсенді түрде әзірленуде және қолданысқа енгізілуде, оларды төрт негізгі топқа бөлуге болады:

- заңдар, оларға «Әкімшілік құқық-бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V Заңы, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V Заңы, «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 8 маусымдағы №47-VII Заңы жатады;

- қағидалар: Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары; Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және жүргізудің қағидалары; Мемлекеттік сатып алу саласында өз қызметін жүзеге асыратын жұмыскерлерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидалары; Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары; Мемлекеттік сатып алу туралы жыл сайынғы есепті дайындау қағидалары; Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуын жүзеге асыру қағидалары;

- бекітілген тізбелер: Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбелері, Біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін уәкілетті орган анықтайтын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі, Негіздемелік келісім пайдаланылатын конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі, Мемлекеттік сатып алу тауарлардың электрондық каталогынан жүзеге асырылатын тауарлардың тізбесі, Мемлекеттік сатып алу сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің өмірлік циклінің құнын есептеуді пайдалана отырып, конкурс тәсілімен жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі;

- төртінші топқа барлық басқа нормативтік құжаттар кіреді, соның ішінде «Мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай операторды айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 23 тамыздағы №516 бұйрығы және «Бәсекелестікті дамыту жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы №484 Жарлығы.

Жоғарыда аталған НҚА-ң әрқайсысына қысқаша шолу жасап, ҚР-ның «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінен бастайық. 207-бапта «Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу алу туралы заңнамасын бұзу» жауапкершілігі қарастырылады: конкурстық құжаттамаға қойылатын талаптарды бұзу; конкурстық құжаттаманың жобасына ескертулерді қарамау не уақтылы қарамау; конкурстық құжаттамада артық біліктілік талаптарын белгілеу; баға ұсынысы тәсілінде критерийлерді қолданбау немесе оларды дұрыс есептемеу; оларды жеткізу орны бойынша және олардың бірдей түрлері бойынша лоттарға бөлінбеу; сараптама комиссиясы немесе сарапшы дайындаған арнайы жалған сараптамалық қорытынды; өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талаппен тапсырыс берушінің сотқа жүгінбеуі немесе уақтылы жүгінбеуі; бекітілген мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында көзделмеген ТЖКҚ сатып алуы; бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру заңнамада көзделмеген жағдайларда; әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа

қатысуға өтінімдерін уақтылы қарамау; алдын ала рұқсат беру хаттамасын және (немесе) конкурс қорытындылары хаттамасын уақтылы орналастырмау; мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын немесе мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды мемлекеттік сатып алудың веб-порталында орналастырмау немесе уақтылы орналастырмау [27].

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 13-бабына сәйкес мемлекеттік сатып алу мынадай тәсілдермен жүзеге асырылады (1-сурет):

Конкурс – бүкіл әлемде кең таралған әдіс. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу көптеген әлеуетті өнім берушілердің ішінен біліктілігі, бағасы және басқа критерийлері бойынша неғұрлым қолайлы таңдау қажет болған кезде жүргізіледі. Бүгінгі күні Қазақстанда мемлекеттік сатып алу конкурстың мынадай түрлерімен жүзеге асырылады: ашық конкурс, екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып конкурс, алдын ала біліктілік іріктеумен конкурс, негіздемелік келісімдерді пайдалана отырып конкурс, рейтингтік-балдық жүйені пайдалана отырып конкурс, сатып алынатын ТЖКҚ өмірлік циклінің құнын есептеуді пайдалана отырып конкурс.



1 сурет – Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру тәсілдері

Ескертпе - автор [24] дереккөз негізінде құрастырған

2- суретте шетелдік тәжірибеде қолданылатын конкурстық рәсімдердің түрлері көрсетілген [20].


Аукцион. 2022 жылдан бастап аукцион кезеңдері келесі ретпен өткізіледі: 1 кезең: қатысушылар бір-бірінің бағасын төмендетеді, яғни тікелей аукцион, 2 кезең: жеңімпаздың біліктілігі және оның өтінімінің аукциондық құжаттама талаптарына сәйкестігі тексеріледі.

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілі, егер олардың жылдық көлемінің құны 8000 АЕК-тен аспаса, біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін қолданылады.

Бір көзден алу. Бұл әдіс тапсырыс берушінің тауарларды, жұмыстарды және көрсетілген қызметтерді белгілі бір әлеуетті жеткізушіден тікелей сатып алуын білдіреді.

Тауарлық биржалар. Тауарлық биржалары арқылы сатып алу «Тауарлық биржалары туралы» ҚР 2009 жылғы 4 мамырдағы № 55-IV Заңына [28] сәйкес биржалық тауарлар тізбесі бойынша қосарланған қарсы аукцион режимінде жүзеге асырылады.

Электрондық дүкен – осы тәсіл 2020 жылдан бастап енгізілген. Бұл әдістің артықшылықтары: ойластырылған бақылау жүйесі, соның арқасында тапсырыс беруші тауарларды, жұмыстарды, көрсететін қызметтерді ең жақсы шарттар бойынша таңдай алады. Жүйе транспаренттілік қағидатына негізделген, бұл екі жаққа да тиімді [29].



2 сурет - Шетелдік тәжірибеде қолданылатын конкурстық рәсімдердің түрлері
Ескертпе - автормен құрастырылған


Қазіргі кезеңде Қазақстанда мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың қандай тәсілдері кең таралғанына талдау жасайық. 1-кестеде 2018-2022

жылдары түрлі тәсілдермен жүзеге асырылған Мемлекеттік сатып алу көлемінің статистикасы келтірілген.

1 кесте – Мемлекеттік сатып алудың көлемі млрд.теңге

Жылдар	2018	2019	2020	2021	2022
Барлығы, соның ішінде	4380,7	3328,2	2380,5	3813,5	3591,8
конкурс	2970,1	1647,0	440,5	2272,1	2124,3
аукциондарда	43,0	3,5	1,9	6,2	3,5
баға ұсыныстарын сұрату	104,6	46,6	149,3	98,3	206,5
бір көзден алу	1237,3	1609,4	1750,7	1369,8	1155,1
тауар биржалары	25,7	21,7	38,1	67,1	72,5
электрондық дүкен	0	0	0	0	29,9
Ескертпе - https://goszakup.gov.kz/ сайтындағы ақпарат негізінде автормен құрастырылған					

Осы кестеден көріп отырғанымыздай, 2018 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңде мемлекеттік сатып алу көлемі тұрақты теріс динамикаға ие болды. 2020 жылы мемлекеттік сатып алу көлемі (2380,5 млрд. теңге) 2018 жылмен салыстырғанда (4380,7 млрд. теңге) 1,5 есеге төмендеді. Бұл фактінің ең маңызды себептерінің бірі COVID-19 пандемиясы болды. Біз бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу көлемімен мүлдем қарама-қайшы көріністі байқаймыз, осы кезеңде бұл тәсілмен жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алу көлемі 2018 жылғы 1237,3 млрд. теңгеден 2020 жылғы 1750,7 млрд. теңгеге дейін 1,4 есеге ұлғайды. Сондай-ақ, 2019 жылғы аздаған ерекшеліктермен, тауар биржаларында жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алу көлемінің оң серпінін атап өткіміз келеді (3-сурет).




3 сурет – 2018-2022 жылдары тауар биржалары арқылы мемлекеттік сатып алу көлемі

Ескертпе - <https://goszakup.gov.kz/> сайтындағы ақпарат негізінде автормен құрастырылған

Аукциондық тәсілмен жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алу көлемі өте тұрақсыз: 2019 жылы бұл көрсеткіш (3,5 млрд. теңге) 2018 жылмен салыстырғанда 10 еседен астам төмендеді (43,0 млрд. теңге). 2020 жылы бұл көрсеткіш (1,9 млрд. теңге) оның 2019 жылғы мәнінің 54%-н құрады. Ал 2021 жылы (6,2 млрд. теңге) алдыңғы жылмен салыстырғанда 3 еседен астам өсті. 2022 жылы ол қайтадан төмендеп, 2019 жылдың мәніне жетті (3,5 млрд. теңге).

Электрондық дүкендер арқылы жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алулар 2020 жылы енгізілгенімен, статистикалық деректер тек 2022 жылдың қорытындысы бойынша ұсынылған.


Егер 2021 және 2022 жылдардағы мемлекеттік сатып алу көлемінің динамикасына салыстырмалы талдау жүргізсек, онда 4-суреттен көрініп тұрғандай, жалпы Қазақстан бойынша, тауар биржалары арқылы және 2 еседен астам өскен баға ұсыныстары тәсілімен мемлекеттік сатып алу көлемін қоспағанда, теріс динамика байқалады.



4 сурет – 2021 және 2022 жылдары түрлі тәсілдермен жүзеге асырылған мемлекеттік сатып алу көлемін салыстырмалы талдау, млрд. теңге
Ескертпе - <https://goszakup.gov.kz/> сайтындағы ақпарат негізінде автормен құрастырылған

5-суретте келтірілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілдерін пайдаланудың құрылымдық талдауы Қазақстанда бүкіл әлемдегідей дерлік ең кең таралған тәсіл конкурстар болып табылатынын көрсетті, олар мемлекеттік сатып алудың жалпы көлемінде 2019 жылы 49,2%-дан 2018

жылы 67,8%-ға дейін, 2021 және 2022 жылдары бұл көрсеткіш тиісінше 59,6% және 59,1% құрады.



5 сурет – 2022 жылы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілдерінің құрылымы

Ескертпе - <https://goszakup.gov.kz/> сайтындағы ақпарат негізінде автормен құрастырылған

Таралу дәрежесі бойынша келесісі – бір көзден алынатын тәсіл болып табылады. Бұл факт азаматтық қоғамдастық арасында, сарапшылар арасында және бақылаушы мен қадағалау органдары арасында көптеген жағымсыз пікірлер тудырады. Мемлекет басшысы өз Жолдауында «2018 жылы мемлекеттік сатып алу көлемі 4,4 триллион теңгені құрады, соның 3,3 триллион теңгесі немесе 75 пайызы бәсекеден тыс тәсілмен бір көзден алу арқылы жұмсалған. Шенеуніктер мен түрлі делдалдарды пайдаға кенелтіп отырған бұл табыс көзін жабатын кез келді» деп атап өтті [30].


Бүкіл әлемде ашық конкурс мемлекеттік сатып алудың ең қолайлы тәсілі болып танылады. Ашық тәсілмен жүзеге асырылған мемлекеттік сатып алулармен біздің мемлекетіміздегі жағдайы қандай екенін талдайық. 2-кестеде мәлімделген, оның ішінде ашық тәсілмен, конкурстардың саны туралы статистикалық деректер ұсынылған. Осы кестеден көріп отырғанымыздай, талданатын барлық кезеңдегі жарияланған конкурстардың саны теріс динамикаға ие 8 еседен астам төмендеді: 201678 жылы 2018-ден

2022 жылы 24793-ке дейін. Осы кезеңде ашық конкурстардың саны 4,6 есеге азайды: 2018 жылғы 39855-тен 2022 жылы 8652-ге дейін.

2 кесте – Мемлекеттік сатып алу конкурстарының саны

	2018	2019	2020	2021	2022
Жарияланған конкурстардың барлығы	201678	102283	71583	43948	24793
соның ішінде сәтті өткізілгендері	28876	66166	66633	41634	20969
Үлесі, %	14,3	64,7	93,1	94,8	84,6
Ашық конкурстар	39855	12527	7907	8608	8652
Жарияланған конкурстардың үлесі, %	19,8	12,3	11,1	19,6	34,9
соның ішінде сәтті өткізілгендері	15623	11141	7864	8546	7973
ашық конкурстар үлесі, %	39,2	88,9	99,5	99,3	92,2
Ескертпе - https://goszakup.gov.kz/ сайтындағы ақпарат негізінде автормен құрастырылған					

Талданатын кезең үшін конкурс тәсілімен жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алулармен жағдайды сызықтық диаграммада (6 және 7-суреттер) неғұрлым көрнекі түрде келтіруге болады.




6 сурет – Жарияланған конкурстардың динамикасы

Ескертпе - <https://goszakup.gov.kz/> сайтындағы ақпарат негізінде автормен құрастырылған

Өздеріңіз білетіндей, сарапшылар үшін жарияланған конкурстардың жалпы санының көрсеткіші емес, сәтті өткізілген конкурстардың көрсеткіштері маңызды.

Сәтті өткізілген ашық конкурстардың үлесін талдау нәтижелері 7-суретте көрсетілген.



7 сурет – Жарияланған конкурстар үлесінің динамикасы

Ескертпе - <https://goszakup.gov.kz/> сайтындағы ақпарат негізінде автормен құрастырылған

Сондай-ақ, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңда Қазақстанда барлық мемлекеттік сатып алулар 8-суретте көрсетілген қағидалар бойынша жүзеге асырылатынын атап өткіміз келеді.



8 сурет – Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру қағидалары
Ескертпе - автор [24] дереккөз негізінде құрастырған

2022 жылы жаңа «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы [31] және Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуын жүзеге асыру қағидалары [32] күшіне енді, сондай-ақ қолданыстағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заң жаңартылды, олар құқық қолдану практикасына сәтті кіріктірілді.

Жаңа заң мемлекеттік сатып алу процестерін жоспарлау және жүзеге асыру процесінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қатынастарын реттейді, онда заңға [24] ұқсас 9 қағида, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың 6 тәсілі, әлеуетті жабдықтаушыға қойылатын біліктілік талаптары, мемлекеттік сатып алуға қатысуға байланысты шектеулер сипатталады.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында мемлекеттік сатып алуды жоспарлаудан бастап шарттар жасасуға дейінгі кезең-кезеңмен рәсімдер жазылған әрі қағидаларда мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың алты тәсілінің әрқайсысының тәртібі егжей-тегжейлі баяндалған [33].

Мемлекеттік сатып алу өрісіндегі тізілімдерді қалыптастыру және жүргізу қағидаларында тізілімдер төрт түрге бөлінетіні көрсетілген: тапсырыс берушілер тізілімі; шарттар тізілімі; жосықсыз қатысушылар тізілімі және шағымдар тізілімі. Жоғарыда аталған түрлердің әрқайсысының тізілімін қалыптастыру және жүргізу тәртібі сипатталған [34].

Мемлекеттік сатып алу өрісінде өз қызметін жүзеге асыратын қызметкерлерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидаларында қызметкерлерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру тәртібі айқындалған, атап айтқанда, сабақтарды өткізуге мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындауға жауапты

тапсырыс берушілердің қызметкерлері қатарынан қызметкерлер, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген рәсімдерге бақылауды жүзеге асыратын кемінде екі жылдық практикалық өтілі бар мемлекеттік органдардың қызметкерлері тартылуы тиіс екендігі көрсетілген, сондай-ақ оқу бағдарламасының жалпы сағаттарының кемінде 50% практикалық сабақтар болуы керек [35]. Бұл ережелер 2016 жылдан бастап қолданысқа енгізілгеніне қарамастан, көптеген сарапшылар, соның ішінде шетелдік сарапшылар «Қазақстандағы сатып алу саласындағы қызметкерлердің кәсіби деңгейі Еуропаның көптеген елдерінен артта қалып отырғанына» назар аударады [36].

Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында мемлекеттік құпияларды құрайтын және (немесе) таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты, оның ішінде құқықтық тәртіп пен ұлттық қауіпсіздік қажеттіліктері үшін ТЖКҚ-ны қамтитын ТЖКҚ сатып алу жағдайларында ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жоспарлау және жүзеге асыру тәртібі жазылған [37].

Мемлекеттік сатып алу туралы жыл сайынғы есепті дайындау қағидаларында есептіліктің 9 нысаны келтірілген және әр нысанның соңында оларды толтыру бойынша түсініктемелер бар [38].

Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуын жүзеге асыру қағидаларында ҰБХ, ҰХ, ҰК және әлеуметтік корпорациялардың (ӘК) мемлекеттік сатып алуларын жүзеге асыру тәртібі сипатталған [32].

Соңғы 5 жылда мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыратын ТЖКҚ әртүрлі тізбелерін бекітетін бірқатар НҚА әзірленді және қолданысқа енгізілді: мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушылар [39], алдын ала біліктілік іріктеу арқылы конкурс тәсілімен [40], мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін уәкілетті орган анықтайтын [41], негіздемелік келісім пайдаланылатын конкурс тәсілімен [42], электрондық каталогінен жүзеге асырылатын [43], өмірлік циклінің құнын есептеуді пайдалана отырып, конкурс тәсілімен [44].

«Мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай операторды айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығында [45] мемлекеттік сатып алу өрісіндегі бірыңғай оператор болып «Электрондық коммерция орталығы» акционерлік қоғамы айқындалды, ол Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 28 қарашадағы №792 Қаулысы негізінде «Электрондық қаржы орталығы» АҚ болып атын өзгертті.

Мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіру үшін бәсекелестікті дамытуға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, сатып алу процесін жеңілдетуге бағытталған бірқатар заңнамалық шаралар қабылданды. Атап айтқанда, 2022 жылғы 1 шілдеден бастап рейтингтік-балдық жүйені (РБЖ) қолдана отырып және негіздемелік келісімдерді пайдалана отырып, конкурстар түрінде мемлекеттік сатып алудың жаңа тәсілдері енгізілді. Рейтингтік-балдық жүйе мемлекеттік сатып алу процесіне адамның қатысуын толығымен жоюды

көздейді және конкурстық комиссиясыз жүзеге асырылады. Веб-портал автоматты түрде әлеуетті жабдықтаушыларға тиісті ұпайларды береді және жеңімпазды анықтайды. Бұдан басқа, онлайн режимінде сатып алуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін электрондық дүкен енгізілді. Ол арқылы өткен жылы 29,9 млрд. теңгеге 135,7 мың сатып алу жүргізілді [46].

Негіздемелік келісімдерді пайдалана отырып, конкурс түрінде сатып алу тәсілі де өзін жақсы жағынан көрсетті, бұл рәсімдерді екі айдан 30 күнге дейін қысқартуға мүмкіндік берді. Биылдан бастап сатып алынатын тауарлардың өмірлік циклінің құнын есептеуді пайдалана отырып, конкурсқа жаңа тәсілді қолдану жоспарланып отыр, бірақ бүгінгі таңда сарапшылардың пікірінше, ол әлі жұмыс істей бастаған жоқ.

Бәсекелестік тәсілмен сатып алуды басым жүзеге асыру туралы талап енгізілді. Сондай-ақ, тапсырыс берушінің бірінші басшысының бір көзден сатып алуды негізсіз пайдаланғаны үшін дербес жауапкершілігі көзделген. Осылайша, 2021 жылмен салыстырғанда бір көзден сатып алу көлемі 2022 жылы 36%-дан 32%-ға дейін қысқарды. Бұл ретте тапсырыс берушінің қажеттіліктерін жедел өтеуге мүмкіндік беретін аса маңызды негіздер ғана сақталды. Мысалы, табиғи монополиялар қызметтері, төтенше жағдайлар (ТЖ) кезінде сатып алу, ведомстволық бағынысты ұйымдардан сатып алу сияқты негіздер қалдырылды [47].

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сатып алу жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі бюджет қаражатының жұмсалуды бақылау болып табылады. НҚА сәйкес [48] камералдық бақылау шеңберінде мемлекеттік сатып алу саласын бақылау мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалғанға дейін ғана жүргізіледі, бұл ретте бақылау объектіге бұзушылықты өз бетінше жоюды ұсыну жолымен сатып алудағы бұзушылықтардың уақтылы жолын кесуге бағытталған.

Магистрлік жобаны жазу барысында біз 2018-2022 жылдардағы электронды камералдық бақылауға талдау жасадық (3-7 кестелер).

3 кесте – 2018 жылғы электрондық камералдық бақылау нәтижелері

№	ІМАД	МСА барлығы		МСА (лоттар) зерделенді		Зерделенген лоттардың үлесі, %	Бұзушылықта р анықталған лоттар		%
		саны	млрд. теңге	саны	млрд. теңге		саны	млрд. теңге	
1	Ақмола облысы	194 632	505,8	20 374	293,2	10	1 092	77,4	5
2	Ақтөбе облысы	122 826	547,9	28 688	267,6	23	1 972	64,6	7
3	Алматы облысы	154 579	700,0	9 429	172,8	6	2 317	36,6	25
4	Атырау облысы	90 868	556,6	10 418	315,1	11	822	14,4	8
5	БҚО	170 338	355,5	15 667	204,6	9	1 247	18,0	8

6	Жамбыл облысы	154 110	342,1	18 200	153,7	12	2 998	54,0	1 6
7	Қарағанды облысы	209 081	634,5	27 099	369,2	13	2 347	74,4	9
8	Қостанай облысы	224 168	451,3	22 604	270,1	10	1 827	53,9	8
9	Қызылорда облысы	120 350	403,2	14 792	223,9	12	856	28,6	6
10	Маңғыстау облысы	82 159	263,3	7 373	50,8	9	406	26,0	6
11	Павлодар облысы	179 981	399,1	26 372	269,2	15	1 315	18,0	5
12	СҚО	128 489	234,1	15 950	142,8	12	1 546	31,4	1 0
13	Түркістан облысы	258 640	1017,9	32 044	236,3	12	4 092	50,9	1 3
14	ШҚО	330 652	428,8	22 277	190,8	7	1 942	31,9	9
15	ҚР Қаржы министрлігінің ІМАК	130 137	1024,9	15 130	116,1	12	702	41,5	5
16	Астана қ.	214 714	1955,6	11 033	411,5	5	533	111,4	5
17	Алматы қ.	207 263	1087,3	41 315	637,2	20	2 319	70,8	6
18	Шымкент қ.	8 436	59,1	2 048	34,8	24	102	3,2	5
	Барлығы	2981423	10967,2	340813	4359,5	11	28435	807,1	8

Ескертпе - ҚР Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Камералдық бақылау басқармасының ішкі деректері негізінде автормен құрастырылған

3-кестеден көрініп тұрғандай, 2018 жылы жалпы сомасы 10967,2 млрд. теңгеге 2981423 мемлекеттік сатып алу өткізілді. Камералдық бақылаумен лоттардың тек 11% ғана қамтылды, бұл жалпы сомасы 4359,5 млрд. теңгеге 340813 мемлекеттік сатып алуды құрады. Осы жылы мемлекеттік сатып алуды өткізу ережелерін бұзған 28435 лот анықталды, бұзушылықпен өткен мемлекеттік сатып алудың жалпы сомасы 807,1 млрд. теңгені құрады. Бұзушылықтары бар лоттардың ең үлкен үлес салмағы Алматы облысында (камералдық бақылаумен қамтылғандардың 25%), Жамбыл облысында (16%) және Түркістан облысында (13%) анықталды. Қаржы аспектісінде бұзушылықтардың ең көп сомасы Астанада (111,4 млрд. теңге), Ақмола облысында (77,4 млрд. теңге) және Қарағанды облысында (74,4 млрд. теңге) анықталды.

4 Кесте – 2019 жылғы электрондық камералдық бақылау нәтижелері

№	ІМАД	МСА барлығы	МСА (лоттар) зерделенді	Зерделенген	Бұзушылықтар анықталған	%
---	------	-------------	-------------------------	-------------	-------------------------	---

						лоттардың үлесі, %	лоттар		
		саны	млрд. теңге	саны	млрд. теңге		саны	млрд. теңге	
1	Ақмола облысы	149091	589,1	89 698	538,6	60	1 068	75,2	1
2	Ақтөбе облысы	92 120	342,5	61 695	273,5	67	1 377	25,1	2
3	Алматы облысы	127798	703,9	75 142	602,7	59	5 509	107,0	7
4	Атырау облысы	68 384	611,7	39 866	558,1	58	861	16,6	2
5	БҚО	142335	339,4	80 391	283,8	56	959	22,8	1
6	Жамбыл облысы	106890	462,9	69 689	369,0	65	2 961	26,9	4
7	Қарағанды облысы	163444	632,7	87 127	552,2	53	2 476	72,1	3
8	Қостанай облысы	188917	472,2	83 247	393,0	44	737	30,1	1
9	Қызылорда облысы	95 600	432,6	52 540	369,2	55	1 117	32,3	2
10	Маңғыстау облысы	66 833	381,8	35 688	179,0	53	709	39,5	2
11	Павлодар облысы	148045	432,7	65 972	381,3	45	1 689	23,8	3
12	СҚО	109710	257,4	64 730	229,4	59	1 001	37,0	2
13	Түркістан облысы	118434	742,1	76 375	468,7	64	2 367	43,5	3
14	ШҚО	240371	642,2	137 932	567,7	57	2 157	67,3	2
15	ҚР Қаржы министрлігінің ІМАК	109531	1607,8	84 034	1353,6	77	9 297	519,9	11
16	Астана қ.	158680	2100,7	102 283	1614,0	64	1 500	126,8	1
17	Алматы қ.	165649	1131,5	116 355	1014,1	70	1 671	79,2	1
18	Шымкент қ.	75 368	519,8	49 429	446,8	66	912	16,7	2
	Барлығы	2327200	12403,0	1372193	10194,7	59	38368	1361,8	3

Ескертпе - ҚР Қаржы министрлігі ІМАК КББ-ның ішкі деректері негізінде автормен құрастырылған

2019 жылы электрондық камералдық бақылау нәтижелеріне ұқсас талдау (4-ші кесте) жалпы сомасы 12403,0 млрд. теңгеге 2327200 мемлекеттік сатып алу жүргізілгенін көрсетті. Камералдық бақылаумен лоттардың 59% қамтылды, бұл жалпы сомасы 10194,7 млрд. теңгеге 1372193 мемлекеттік сатып алуды құрады. Осы жылы мемлекеттік сатып алуды өткізу ережелерін бұзған 38368 лот анықталды, бұзушылықпен өткен мемлекеттік сатып алудың жалпы сомасы 1361,8 млрд. теңгені құрады. Бұзушылықтары бар лоттардың ең үлкен үлес салмағы Алматы облысында анықталды (камералдық бақылаумен қамтылғандардың 7%). Ең көп бұзушылық сомасы

бар өңірлердің үштігіне Астана (126,8 млрд. теңге), Алматы облысы (107,0 млрд. теңге) және Алматы (79,2 млрд. теңге) кірді.

5 Кесте – 2020 жылғы электрондық камералдық бақылау нәтижелері

№	ИМАД	МСА барлығы		МСА (лоттар) зерделенді		Зерделенген лоттардың үлесі, %	Бұзушылықтар анықталған лоттар		%
		саны	млрд. теңге	саны	млрд. теңге		саны	млрд. теңге	
1	Ақмола облысы	99360	700,8	81 731	629,7	82	1 233	90,9	2
2	Ақтөбе облысы	66867	493,0	60 128	458,1	90	1 859	41,2	3
3	Алматы облысы	102345	864,1	87 854	766,0	86	4 889	125,9	6
4	Атырау облысы	47 924	397,9	41 933	362,4	87	1 054	26,3	3
5	БҚО	91 974	439,0	80 295	335,7	87	848	22,2	1
6	Жамбыл облысы	88 747	356,2	75 230	293,9	85	3 514	49,8	5
7	Қарағанды облысы	126676	1004,4	102 373	900,5	81	4 196	108,6	4
8	Қостанай облысы	132223	361,3	105 081	274,0	79	434	12,8	0
9	Қызылорда облысы	73 134	451,7	52 850	378,2	72	2 126	53,4	4
10	Маңғыстау облысы	49 492	544,7	31 191	261,2	63	424	49,7	1
11	Павлодар облысы	107469	500,0	80 828	379,6	75	4 667	59,1	6
12	СҚО	76 404	350,0	62 722	287,2	82	1 715	61,5	3
13	Түркістан облысы	91 947	913,7	86 373	730,4	94	2 922	22,8	3
14	ШҚО	184110	721,4	143 609	608,1	78	1 119	59,2	1
15	ҚР Қаржы министрлігінің ИМАК	100877	896,3	80 394	667,2	80	1 305	17,9	2
16	Астана қ.	54 785	1619,6	39 865	1031,2	73	1 036	124,8	3
17	Алматы қ.	105754	1157,4	87 007	878,5	82	1 252	93,0	1
18	Шымкент қ.	53 258	625,9	42 161	429,0	79	903	31,4	2
	Барлығы	1653346	12397,4	1341625	9670,8	81	35496	1050,6	3

Ескертпе - ҚР Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Камералдық бақылау басқармасының ішкі деректері негізінде автормен құрастырылған

2020 жылы электрондық камералдық бақылау нәтижелерін талдау (5-ші кесте) жалпы сомасы 12397,4 млрд. теңгеге 1653346 мемлекеттік сатып алу жүргізілгенін көрсетті. Камералдық бақылаумен лоттардың 81% қамтылды, бұл жалпы сомасы 9670,8 млрд. теңгеге 1341625 мемлекеттік сатып алуды

құрады. Осы жылы мемлекеттік сатып алуды өткізу ережелерін бұзған 35496 лот анықталды, бұзушылықпен өткен мемлекеттік сатып алудың жалпы сомасы 1050,6 млрд. теңгені құрады. Бұзушылықтары бар лоттардың ең үлкен үлес салмағы Алматы және Павлодар облыстарында (камералдық бақылаумен қамтылғандардың 6%) және Жамбыл облысында (5%) анықталды. Ең көп қаржылық бұзушылықтары бар өңірлердің үштігіне Алматы облысы (125,9 млрд. теңге), Астана қаласы (124,8 млрд. теңге) және Қарағанды облысы (108,6 млрд. теңге) кірді.

6 кесте – 2021 жылғы электрондық камералдық бақылау нәтижелері

№	ІМАД	МСА барлығы		МСА (лоттар) зерделенді		Зерделенген лоттардың үлесі, %	Бұзушылықтар анықталған лоттар		%
		саны	млрд. теңге	саны	млрд. теңге		саны	млрд. теңге	
1	Ақмола облысы	65 019	693,8	63 713	656,5	98	1 936	122,3	3
2	Ақтөбе облысы	51 121	628,3	49 687	601,2	97	3 378	73,7	7
3	Алматы облысы	72 981	1328,8	69 049	1274,8	95	7 971	198,3	12
4	Атырау облысы	29 423	532,7	28 974	498,6	98	1 648	31,6	6
5	БҚО	56 374	555,1	55 294	535,9	98	2 011	53,7	4
6	Жамбыл облысы	55 402	458,0	50 861	369,3	92	4 700	58,8	9
7	Қарағанды облысы	83 858	760,5	82 497	747,1	98	4 621	93,5	6
8	Қостанай облысы	85 133	539,7	78 781	492,9	93	1 225	38,0	2
9	Қызылорда облысы	50 569	359,1	47 585	347,2	94	1 861	36,5	4
10	Маңғыстау облысы	35 364	476,3	31 597	334,9	89	393	21,4	1
11	Павлодар облысы	65 270	432,3	62 918	416,4	96	6 825	55,5	11
12	СҚО	54 180	471,3	52 944	438,1	98	2 727	83,8	5
13	Түркістан облысы	65 970	1080,0	63 149	1040,0	96	2 257	43,2	4
14	ШҚО	104 155	507,7	99 882	480,4	96	1 488	51,3	1
15	Астана қ.	71 151	2008,5	69 149	1855,9	97	1 597	166,4	2
16	Алматы қ.	78 242	1531,3	61 369	1157,0	78	4 184	171,4	7
17	Шымкент қ.	44 481	986,9	37 037	667,6	83	1 250	36,8	3
	Барлығы	1120636	14101,0	1055862	12591,1	94	50805	1340,9	5
Ескертпе - ҚР Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Камералдық бақылау басқармасының ішкі деректері негізінде автормен құрастырылған									

Электрондық камералдық бақылау нәтижелерін талдау (6-кесте) 2021 жылы жалпы сомасы 14101,0 млрд. теңгеге 1120636 мемлекеттік сатып алу

жүргізілгенін көрсетті. Камералдық бақылаумен лоттардың 94% қамтылды, бұл жалпы сомасы 12591,1 млрд. теңгеге 1055862 мемлекеттік сатып алуды құрады.

7 кесте – 2022 жылғы электрондық камералдық бақылау нәтижелері

№	ІМАД	МСА барлығы		МСА (лоттар) зерделенді		Зерделенген лоттардың үлесі, %	Бұзушылықтар анықталған лоттар		%
		саны	млрд. теңге	саны	млрд. теңге		саны	млрд. теңге	
1	Абай облысы	4 096	44,7	3 923	36,6	96	262	13,4	7
2	Ақмола облысы	34 498	602,1	32 287	552,1	94	2 894	37,3	9
3	Ақтөбе облысы	31 515	547,1	30 481	468,5	97	2 068	60,7	7
4	Алматы облысы	46 247	727,5	44 671	693,2	97	8 491	106,2	19
5	Атырау облысы	17 888	490,5	17 464	470,3	98	2 909	39,0	17
6	БҚО	26 983	346,7	26 685	339,4	99	2 542	25,3	10
7	Жамбыл облысы	35 934	545,2	34 690	503,2	97	7 430	117,6	21
8	Жетісу облысы	5 411	59,1	5 178	57,4	96	1 092	14,9	21
9	Қарағанды облысы	49 165	705,4	48 396	689,6	98	3 428	62,9	7
10	Қостанай облысы	32 241	400,9	30 986	382,6	96	932	14,9	3
11	Қызылорда облысы	26 964	517,2	25 664	503,1	95	1 827	31,0	7
12	Маңғыстау облысы	24 018	616,5	22 904	546,6	95	533	72,3	2
13	Павлодар облысы	26 092	389,2	24 412	367,2	94	3 505	38,5	14
14	СҚО	26 193	347,3	25 490	338,4	97	2 669	59,2	10
15	Түркістан облысы	52 290	851,2	47 474	708,5	91	4 529	89,6	10
16	Ұлытау облысы	1 567	12,3	1 410	11,1	90	620	1,7	44
17	ШҚО	47 992	562,9	46 987	528,1	98	2 106	58,5	4
18	Астана қ.	40 108	1756,3	37 514	1574,1	94	1 047	122,3	3
19	Алматы қ.	63 017	1397,9	47 931	1055,5	76	5 013	170,1	10
20	Шымкент қ.	30 681	879,8	28 222	685,1	92	2 105	184,2	7
	Барлығы	681866	12899,0	639717	11517,1	94	56754	1323,9	9

Ескертпе - ҚР Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Камералдық бақылау басқармасының ішкі деректері негізінде автормен құрастырылған

Бұзушылықтары бар лоттардың ең үлкен үлес салмағы Алматы облысында (камералдық бақылаумен қамтылғандардың 12%), Павлодар

облысында (11%) және Жамбыл облысында (9%) анықталды. Ең көп қаржылық бұзушылықтары бар өңірлердің үштігіне Алматы облысы (198,3 млрд. теңге), Алматы (171,4 млрд. теңге) және Астана (166,4 млрд. теңге) қалалары кірді.

7-кестеде ұсынылған электрондық камералдық бақылау нәтижелерін талдай отырып, 2022 жылы жалпы сомасы 12899,0 млрд. теңгеге 681866 мемлекеттік сатып алу өткізілді деген қорытындыға келеміз. Камералдық бақылаумен лоттардың 94% қамтылды, бұл жалпы сомасы 11517,1 млрд. теңгеге 639717 мемлекеттік сатып алуды құрады. Осы жылы мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларын бұзған 56754 лот анықталды, бұзушылықпен өткен мемлекеттік сатып алудың жалпы сомасы 1323,9 млрд. теңгені құрады. Бұзушылықтары бар лоттардың ең үлкен үлес салмағы Ұлытау облысында (44%), Жамбыл және Жетісу облыстарында (21%) және Алматы облысында (19%) анықталды. Ең көп қаржылық бұзушылықтары бар өңірлердің бестігіне Шымкент (184,2 млрд. теңге), Алматы (170,1 млрд. теңге), Астана (122,3 млрд. теңге) қалалары, Жамбыл (117,6 млрд. теңге) және Алматы (106,2 млрд. теңге) облыстары кірді.

Мемлекеттік сатып алуды камералдық бақылау нәтижелеріне жоғарыда баяндалған талдауды қорытындылай келе, жылдан жылға іс жүзінде сол өңірлер мемлекеттік сатып алуды өткізу ережелерін бұзатындығын атап өтуге болады, бұл осы ережелер жетілмеген деген ойға әкеледі.

Әрбір жыл үшін жүргізілген барлық талдауды қорытындылай келе, 8-кестеде зерттелген кезеңдегі камералдық бақылау нәтижелерін ұсынамыз.

8 кесте – 2018-2022 жылдардағы Қазақстандағы мемлекеттік сатып алуды камералдық бақылау нәтижелері

Жыл	Зерделенуге жататын МСА барлығы (лоттар)	Зерделенген МСА барлығы (лоттар)	Зерделенген лоттардың үлесі	Бұзушылықтар анықталған лоттар	Бұзушылықтары бар лоттардың үлесі
	млрд. теңге	млрд. теңге	%	млрд. теңге	%
2018	10967,2	4359,5	11	807,1	8
2019	12403,0	10194,7	59	1361,8	3
2020	12397,4	9670,8	81	1050,6	3
2021	14101,0	12591,1	94	1340,9	5
2022	12899,0	11517,1	94	1323,9	9


Ескертпе - ҚР Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Камералдық бақылау басқармасының ішкі деректері негізінде автормен құрастырылған

8-кестеден көріп отырғанымыздай, зерттеуге жататын лоттардың сомасы 2018 жылғы 10967,2 млрд. теңгеден 2022 жылы 12899,0 млрд. теңгеге дейін өсті.

Зерттелген лоттардың үлесі қарқынды өсуде (9-сурет), бұл мемлекеттік сатып алуды камералдық бақылау жүйесін жетілдіру бойынша қабылданып

жатқан шараларды көрсетеді. Талданған кезеңде бұл көрсеткіш 8 еседен астам өсті: 2018 жылғы 11%-дан 2022 жылы 94%-ға дейін.

Бұзушылықтары бар лоттар үшін ол 3%-дан 9%-ға дейін ауытқиды. Бұзушылықтар анықталған лоттардың сомасы зерттелген кезеңде 516,8 млрд. теңгеге өсті.



9 сурет – 2018 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңде зерделенген лоттар үлесінің динамикасы

Ескертпе - ҚР Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Камералдық бақылау басқармасының ішкі деректері негізінде автормен құрастырылған

Өңірлер бөлінісінде камералдық бақылау нәтижелерін зерделеу кезінде іс жүзінде сол облыстар мен қалаларда жыл сайын мемлекеттік сатып алуды өткізу бойынша ең үлкен қаржылық бұзушылықтар бар екені анықталды (9-кесте).

9 кесте – МСА өткізу ережелерін бұзған лоттарының ең көп сомасы бар өңірлер

Жыл	Өңірлер
2018	Астана қ. (111,4 млрд. теңге), Ақмола (77,4 млрд. теңге) және Қарағанды облыстары (74,4 млрд. теңге)
2019	Астана қ. (126,8 млрд. теңге), Алматы облысы (107,0 млрд. теңге) және Алматы қ. (79,2 млрд. теңге)
2020	Алматы облысы (125,9 млрд. теңге), Астана қ. (124,8 млрд. теңге) және Қарағанды облысы (108,6 млрд. теңге)
2021	Алматы облысы (198,3 млрд. теңге), Алматы қ. (171,4 млрд. теңге) және Астана қ. (166,4 млрд. теңге)
2022	Шымкент (184,2 млрд. теңге), Алматы (170,1 млрд. теңге), Астана (122,3 млрд. теңге) қалалары, Жамбыл (117,6 млрд. теңге) және Алматы облыстары (106,2 млрд. теңге)
Ескертпе - ҚР Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Камералдық бақылау басқармасының ішкі деректері негізінде автормен құрастырылған	

Барлық жүргізілген, оның ішінде НҚА-ны, әдеби дереккөздерді, статистикалық деректерді, камералдық бақылау нәтижелерін, талдауды сомдай келе, мынадай қорытындыға келеміз:

- біздің мемлекетімізде мемлекеттік сатып алу процесі жеткілікті дамыған заңнамалық базамен реттеледі, алайда бұл НҚА-ға көбінесе мемлекеттік сатып алу субъектілері арасында бәсекеге қабілетті ортаны дамыту үшін белгілі бір қиындықтар туғызатын өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Сондықтан Мемлекет басшысы 2024 жылы әзірленіп, қолданысқа енгізілуі жоспарланып отырған мемлекеттік сатып алу туралы мүлдем жаңа заң құру туралы идеяға бастамашы болды: «Сапалы түрде жаңа мемлекеттік сатып алу жүйесін құру қажет. Ең төменгі баға емес, сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасы басымдыққа ие болуы керек. Мемлекеттік және квазимемлекеттік ұйымдардың сатып алуларын бірыңғай платформаға ауыстыру қажет. Осы тәсілдерді іске асыру үшін мемлекеттік сатып алу туралы жаңа заң қабылдау қажет» [13];

- конкурс тәсілімен жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алудың жалпы көлемінде басым болып табылатынына қарамастан (50%-дан астам), мемлекеттік сатып алудың едәуір көлемі бір көзден (30%-дан астам) тәсілмен жүзеге асырылады, бұл қолданыстағы мемлекеттік сатып алу жүйесі механизмінің төмен тиімділігін көрсетеді;

- жарияланған конкурстардың жалпы санындағы ашық конкурстардың үлесі өте төмен, 2018 жылдан 2021 жылға дейін 20%-дан аспайды және тек 2022 жылы ол 34,9% құрады;

- 2018-2022 жылдары жүргізілген электрондық камералдық бақылау талдауының нәтижелері бұзушылықтармен жүргізілген мемлекеттік сатып алу сомасы қомақты екенін көрсетеді – триллион теңгеден астам. Бұл қолданыстағы мемлекеттік сатып алу жүйесі оны жаңғыртуды қажет етеді деген қорытындыға итермелейді;

- бірдей өңірлер жылдан жылға мемлекеттік сатып алуды бұзушылықтармен жүзеге асырады. Біздің ойымызша, осы өңірлерде мемлекеттік сатып алуды жоспарлау мен жүзеге асыруға жауапты мемлекеттік органдар мен бизнес-құрылымдардың бірінші басшыларының жауапкершілік шараларын қайта қарау қажет.

Осы саладағы қалыптасқан жағдайды шешу бойынша мемлекеттік сатып алу субъектілерінің сараптамалық пікірін айқындау мақсатында біз Google нысанында онлайн-сауалнама жүргіздік.


Осы сауалнаманы жүргізу үшін 10 сұрақ әзірленді, оның 3-і жынысы, жасы, аймағы сияқты жалпы мәселелерге қатысты. Жеті сұрақ тікелей мемлекеттік сатып алу жүйесіне қатысты және біздің елімізде ашық тәсілмен өткізілген мемлекеттік сатып алу өрісінде қандай мәселелер бар, көрсеткен мәселенің қандай шешімін ұсына алатындығы, соңғы жылы ұйымдары сатып алу нәтижелері бойынша қаншалықты жиі жабдықтаушы (мердігер, орындаушы) болғаны, неліктен келісімшарттардың едәуір бөлігі өткізілмеген

сауда-саттықтың қорытындысы бойынша жасалғаны, мемлекеттік сатып алу жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа кез болғаны, егер кез болса қандай элементтерімен кез болғаны, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың қай кезеңінде сыбайлас жемқорлық факторлары көбірек байқалатыны сияқты мәселелерге қатысты болды.

Сауалнама қосымшада ұсынылған. Сауалнама нәтижелерімен сілтеме бойынша танысуға болады.

Онлайн-сауалнама ағымдағы жылдың наурыз айында өткізілді, оған 55 респондент, оның ішінде 29 ер адам (52,7%) және 26 әйел (47,3%) қатысты. Респонденттердің негізгі санаты 31-40 жас (38,2%), 41-50 жас (30,9%), 21-30 жас (25,5%) аралығында, олардың негізгі үлесі Ақмола облысының (47,3%), Түркістан облысының (14,5%), Ақтөбе облысының (9,1%), Жамбыл облысының (7,3%) өкілдері.

Сондай-ақ, респонденттер біздің еліміздегі мемлекеттік сатып алу өрісіндегі негізгі мәселелерді атап өтті. Жауаптар 10-суретте келтірілген.



10 сурет – Еліміздегі мемлекеттік сатып алу өрісіндегі негізгі мәселелер туралы респонденттердің пікірлері
Ескертпе - автормен құрастырылған

Мемлекеттік сатып алу субъектілерінің қатынастарын реттейтін НҚА-ға, шетелдік практика материалдарына, <https://goszakup.gov.kz/> сайтынан алынған статистикалық деректерге, ҚР Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің камералдық бақылау басқармасының ішкі деректеріне жүргізілген талдау сомдай отырып және осы саладағы өзімнің практикалық тәжірибемді негізге ала отырып, біз мемлекеттік сатып алу тетігінің ашық

конкурс тәсілі бойынша тиімділігін арттыру бойынша практикалық ұсынымдар әзірледік, олар төменде келтірілген.


Бірінші ұсыныс.

Мемлекеттік сатып алу туралы Заңына сәйкес, мемлекеттік сатып алу келесі кезеңдерден тұрады:

- 1) Мемлекеттік сатып алу туралы жариялау
- 2) Конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау
- 3) Мемлекеттік сатып алуға қатысуға әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін қабылдау
- 4) Әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін талаптарға сәйкес келетінің қарау
- 5) Өтінімдерді толықтыру, толықтырылған өтінімдерді қарау
- 6) Қорытындылар туралы хаттаманы қалыптастыру
- 7) Әлеуетті өнім берушілердің конкурстың қорытындысына шағым жасау рәсімі [24].

Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес, ашық конкурстың сатып алу рәсімін жүзеге асыруының жалпы мерзімін есеппен келтіреміз (11-сурет):

- 5 жұмыс күн әлеуетті өнім берушілердің конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау + 5 жұмыс күн әлеуетті өнім берушілердің сұраныс немесе ескертулеріне тиісті жауап беру + кемінде күнтізбелік 60 күн (орташа есеппен 42 жұмыс күн) өтінімдерді қабылдауға + 5 жұмыс күн өтінімдерді толықтыруға + 3 жұмыс күн өтінімдерге алдын ала рұқсат беру + 5 жұмыс күн толықтырылған өтінімдерді қарау + 5 жұмыс күн әлеуетті өнім берушілердің конкурстық комиссияның іс-әрекетін шағымдануға + 10 жұмыс күн шағымдарды қарауға + 5 жұмыс күн сапа бақылау жүргізуін күту + 5 жұмыс күн сапа бақылауын қарау, сонымен конкурс арқылы мемлекеттік сатып алу рәсімін жүзеге асыру кемінде 90 жұмыс күнде жүзеге асады.



11 сурет – Ашық конкурстың қолданыстағы сатып алу рәсімі

Ескертпе - автормен құрастырылған

Жұмыстар мен қызметтерді орындауға, және тауарларды сатып алуға бөлінген бюджет қаражатының негізгі бөлігі, мемлекеттік сатып алу веб-порталының арқасында жоғарыда көрсетілген кезендермен жүргізілетінін атап айтқан жөн.

Сатып алу рәсімін жүргізетін мерзімдері белгілі бір жағдайларда бюджет қаражатының уақытылы игерілмеуіне әкеліп соғады, объектілерді салу, жұмыстарды мерзімдерінен кешігіп орындалуына, қызметтерді уақытылы орындалуына, тауарлардың уақытылы жеткізілуіне әсер тигізеді.


Жоғарыда баяндалғанның негізінде, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бұзуға жол бермеу мақсатында, мерзімдерді бұрмалау, кешіктіру және жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында, сатып алу рәсімін жүргізудің ең аз мерзімдерін белгілеуді ұсынамыз (12-сурет), атап айтқанда:

1) Әлеуетті өнім берушілердің конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылауын **2 жұмыс күнге** қысқартуын, сонымен қатар әлеуетті өнім берушілердің сұраныс немесе ескертулеріне тиісті жауап беру мерзімін **2 жұмыс күнге** қысқартуын.

2) Әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін қабылдау мерзімін кемінде **күнтізбелік 14 күнге** (орта есеппен **10 жұмыс күнге**) қысқартуын.

3) Әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерді толықтыру рәсімінің мерзімін **2 жұмыс күнге** дейін қысқарту.

Сонымен мемлекеттік сатып алу мерзімі **20 жұмыс күнге** қысқарады.



12 сурет – Ашық конкурстың ұсынылатын сатып алу рәсімі

Ескертпе - автормен құрастырылған

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мерзімдерін қысқартуға негіз болып табылатын:

Құрылысқа байланысты емес жұмыстардың басқа түрлерін сатып алу кезінде ережелерде келесі қарастырылған.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарына тиісті рұқсаты (хабарламасы) бар және құрылыспен байланысты емес жұмыстарды (бар объектілерді ағымдағы немесе орташа жөндеу, абаттандыру немесе құрылыспен

байланысты емес өзге де жұмыс түрлері) мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілер әлеуетті өнім берушінің материалдық және еңбек ресурстарын иеленуін растайтын құжат Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсат (лицензия) болып табылады.

Қызметтерді сатып алу кезінде, мысалы, инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыру кезінде ережелерде келесі қарастырылған.

Бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық жағынан күрделі объектілердегі техникалық қадағалау және (немесе) жобаларды басқару жөніндегі инжинирингтік қызметтерге рұқсаты (хабарламасы) бар және екінші және үшінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық жағынан күрделі емес объектілердегі техникалық қадағалау жөніндегі көрсетілетін инжинирингтік қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілер конкурстық құжаттамада көзделген материалдық ресурстарға ие болу бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келеді деп танылады.

Мемлекеттік сатып алу вэб-порталын зерттеу барысында, 2020 жылдан 2021 жылға дейін, өзге жұмыстар бойынша заңды тұлғалардың негізгі үлесінде тиісті құжаттамалар (лицензиялар) бар.

Сонымен қатар, инжиниринг қызметін көрсететін заңды тұлғалар тиісті рұқсат құжаттамасын бар болуына міндетті [49].

Мемлекеттік сатып алу вэб-порталын зерттеу барысында, 2020 жылдан 2021 жылға дейін, қызмет көрсету туралы мемлекеттік сатып алудың негізгі үлесін инжинирингтік қызметтер құрайды.

Тауарларды сатып алу кезінде материалдық және еңбек ресурстарының бар болуы бөлігінде біліктілік талаптарын белгілеу Қағидаларда көзделмеген. Тек авторизациялық және кепілдік хаттарды ұсыну қажет.

Сондықтан, жоғарыда аталған сатып алу түрлері бойынша өткізу рәсімінің мерзімдерін қысқарту әлеуетті өнім берушілердің құқықтарына қандай да бір қысым жасауға әкеп соқпайды, ал керісінше бюджет қаражатын уақтылы игеруге, сондай-ақ жұмыстарды сапалы орындауға және қызметтер көрсетуге себеп болатын деп санаймыз.

Екінші ұсыныс.

Ережелердің 216-219 тармақшаларына сәйкес, конкурстық комиссия, біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сай келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау мақсатында, веб-портал арқылы конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарайды.

Конкурстық құжаттама техникалық ерекшеліктің орнына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттаманы қамтыған жағдайларды қоспағанда, конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашқан күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей конкурстық комиссияның хатшысы, олар құрылған (тартылған) жағдайда, сараптау комиссиясына не сарапшыға әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық

ерекшеліктерін олардың конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында ұсынады.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарау кезінде конкурстық комиссия Заңның 27-бабының 5-тармағына сәйкес:

1) конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды оңайлату үшін әлеуетті өнім берушілерден олардың өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірулерді веб-портал арқылы сұратады;

2) конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында, тиісті жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратты жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратады.

Конкурстық комиссия біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді анықтаған жағдайда, мұндай әлеуетті өнім берушілерге конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасы веб-порталда орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру құқығын береді.

Сонымен қатар, Ережелердің 234-237 тармақшаларына сәйкес, Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайтадан қарау нәтижелері бойынша:

1) біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды және конкурсқа қатысушылар деп таниды;

2) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттарды қолданады және есептейді;

3) біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтірілген әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерін қайта ұсыну мерзімі өткен күннен бастап **бес жұмыс күні ішінде** осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың **қорытындысы туралы хаттаманы ресімдейді** [25].

Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындысының хаттамасына электрондық көшірме нысанындағы конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетіні туралы сарапшының қорытындысы, бар болған жағдайда сараптау комиссиясы мүшесінің ерекше пікірі тіркеледі.

Заңның 28-бабы 2-тармағына сәйкес конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындысы туралы хаттама мынадай ақпаратты қамтиды:

1) конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру туралы;

2) осы Қағидалардың 228-тармағының 3) және 4) тармақшаларына сәйкес конкурстық комиссияның сұрау салулары туралы;

3) конкурсқа қатысуға берілген өтінімдері қабылданбаған әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін қабылдамау себептері егжей-тегжейлі сипатталып, оның ішінде біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтінін растайтын мәліметтер мен құжаттар көрсетіле отырып, олар туралы ақпарат;

4) конкурстық комиссияның конкурстық құжаттамада көзделген конкурстық баға ұсынымына әсер ететін өлшемшарттарды қолдануы туралы;

5) ең төмен шартты баға негізінде конкурс жеңімпазын айқындау туралы мәліметтер қамтылуға тиіс [24].

Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындысы туралы хаттамаға веб-порталда конкурстық комиссияның барлық мүшелері қол қояды және оны конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа қатысуға өтінім берген барлық әлеуетті өнім берушілерді автоматты түрде хабардар ете отырып, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындысы туралы шешім қабылданған күні веб-порталда жариялайды.

Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алу Заңнамасында қалыптастырылған қорытындысы туралы хаттаманы мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастыру тәртібімен мерзімі қарастырылмағанын атап өтеміз

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексінің 207-бабы 14-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа (аукционға) қатысуға арналған өтінімдерін **уақтылы қарамау**, сол сияқты **алдын ала жіберу хаттамасын** және (немесе) **қорытындылар хаттамасын уақтылы орналастырмау** лауазымды адамдарға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Сонымен қатар, тәжірибеде қорытындылар туралы хаттаманы уақтылы қалыптастыру жағдайлары, алайда ұйымдастырушылар мен тапсырыс берушілер тарапынан уақтылы орналастырылмау жиі кездеседі, бұл Кодекстің жоғарыда көрсетілген нормасына сәйкес жауапкершілік шараларын қолдану кезінде келіспеушілікке әкеледі.

Сондықтан, мемлекеттік сатып алу веб-порталында конкурстық комиссия тарапынан әрекетсіздік жағдайында шектеу шаралары көзделмеген, өйткені қорытындылар туралы қалыптастырылған хаттаманы мемлекеттік сатып алуды өткізу процесін тоқтату/кешіктіру фактілері бар, осы жағдай кейіннен сыбайлас жемқорлық көріністері мен тәуекелдердің туындауына себеп болуы мүмкін.

Мысал ретінде, мемлекеттік сатып алу порталынан скрин 13-суретте көрсетілген.

№	Наименование обязательства	Способ	Начало приема заявок	Окончание приема заявок	Сумма, тг.	Статус
8434193.1 Лоты: 2	Посторонние государственные закупки услуг по летной проверке на ввозу и эксплуатации наземных средств РТРС1 Организатор: Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения "Казармавиапай" Комитета гражданской авиации Министерства обороны и инфраструктурного развития Республики Казахстан	Открытый конкурс	2022-10-12 17:02:24	2022-10-19 17:18:09	61 739 000,00	Формирование протокола итогов
834505.2 Лоты: 2	«ИТ» работы «Кубейек компания» Организатор: Товарищество с ограниченной ответственностью "Акмысалынгирган"	Открытый конкурс	2022-09-30 12:19:39	2022-10-15 12:30:00	79 940 000,00	Формирование протокола итогов
8381416.1 Лоты: 1	Приобретение нежилого здания в селе Сарысуева, Бозорганского сельского округа, района Теряуап, Павлодарской области, РК. Организатор: Государственное учреждение "Отдел образования района Теряуап" управления образования Павлодарской области	Открытый конкурс	2022-09-23 11:06:49	2022-10-03 11:30:00	97 860 000,00	Формирование протокола итогов
839805.1 Лоты: 1	Закуп конгресс Организатор: Государственное учреждение "Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог района Байбасай" акимата района Байбасай	Открытый конкурс	2022-09-27 12:18:04	2022-10-12 12:18:04	87 941 400,00	Формирование протокола итогов
7776710.1 Лоты: 10	Приобретение учебной мебели Организатор: Государственное учреждение "Отдел образования Теряуапского района управления образования акимата Западно-Казахстанской области"	Открытый конкурс	2022-06-14 17:22:49	2022-07-06 17:22:49	63 487 500,00	Формирование протокола итогов
4156391.1 Лоты: 10	Услуги технического надзора на средней ремонтной дороге района имени Рабига Муратовой Северо-Казахстанской области. Организатор: Коммунальное государственное учреждение "Управление финансов акимата Северо-Казахстанской области"	Открытый конкурс	2020-04-20 18:28:40	2020-05-05 19:59:00	82 949 000,35	Формирование протокола итогов

13 сурет – Мемлекеттік сатып алу порталынан скрин
Ескертпе - <https://goszakup.gov.kz/> сайты негізінде автормен құрастырылған

Осыған орай, мемлекеттік сатып алу Заңнамасына қалыптастырылған қорытынды туралы хаттаманы орналастыру тәртібі мен мерзімен нақтылауға, сонымен қатар ӘҚБт Кодексіне жауапкершілік шара қолдануын ұсынамын.

Қорытынды

Ашық конкурс барлық жерде мемлекеттік сатып алудың қолайлы әдісі болып танылады. Оны ұйымдастыруға қойылатын негізгі талаптар келесідей. Мемлекеттік тапсырыс берушілер конкурсқа қатысуға шақыруды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы адамдардың шектеусіз тобы арасында жариялайды. Әдетте, мемлекеттік тапсырыс берушінің сайтында және мамандандырылған сатып алу бюллетенінде жариялау қажет. Шақыруда: әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптары, талап етілетін тауарға, жұмысқа немесе қызметке арналған ерекшеліктер, Келісімшарт пен Төлем шарттары, тендерге қатысушылар үшін өтінімдер жасау жөніндегі нұсқаулықтар, өтінімдерді қабылдау мерзімі мен конкурсты өткізу күні, мемлекеттік тапсырыс берушінің координаттары көрсетіледі. Шақыруға конкурстық ұсыныстардың талаптарын біріздендіруге және оларды бағалау процесін жеңілдетуге мүмкіндік беретін конкурс жеңімпазымен жасасу болжанатын келісім-шарттың үлгісі қоса берілуі мүмкін. Еуропалық Одақ елдерінде ашық конкурстар өткізу кезінде өтінімдерді қабылдау мерзімі Конкурсқа қатысуға шақыру жарияланған күннен бастап жалпы ереже бойынша 52 күннен кем болмауы тиіс, бірақ төтенше жағдайларда ол қысқартылуы мүмкін. Конкурсқа қатысушылар конкурс өткізілетін күнге дейін мазмұнын ашуға және жария етуге тыйым салынған мөрленген конверттерде өтінімдер береді.

Қазіргі ғылыми әдебиетте мемлекеттік сатып алу жүйесінің жұмыс істеу мәселелері кеңінен зерттелген.

Мемлекет қажеттіліктері үшін келісім-шарттық сатып алу жүйесінің жұмыс істеуінің жалпы мәселелері тұрғысынан Д.А. Федотов пен А.А. Шибанова сияқты ғалымдардың жұмыстарын атап өтуге болады. Ұлттық экономикалық жүйеде мемлекеттік сатып алудың экономикалық мәні мен мазмұнын ғылыми зерттеуде авторлар қолданатын мемлекеттік сатып алу жүйесінің отандық теориясын қалыптастыруға Б.Б. Аубакирова, Л.А. Горковенко, О.В. Протасова, Е.С. Мұхтар, С.А. Рамазан, А.К. Шарипов, А.И. Ормышев үлкен үлес қосты. Қазіргі жағдайда сатып алу қызметін ұйымдастырудың қаржылық механизмі ресейлік ғалымдар Ю.Г. Тюрина мен А.А. Шуинаның жұмысында ұсынылған. Мемлекеттік сатып алу жүйесінің әдіснамалық аспектілері ғылыми ойдың жетекші өкілдері Л.И. Юзвович пен Н.Ю. Исакованың жұмыстарында келтірілген. Практикалық мазмұн мәселелерінде отандық және шетелдік авторлар К.Е. Картавых, Ю.Д. Родионова, М.А. Саклеев, Л.В. Никифорова, В.Д. Плотниковтың еңбектері бар. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесі В.И. Антонов, О.В. Киселева, Е.Р. Борисова, Золоторева, Э.Р. Касянчик П.И., Мубаракшина, Н.А. Francis Ssenoga, Beata Grzyl және басқалардың еңбектерінде келтірілген.

Магистрлік жобада мемлекеттік сатып алу саласының нормативтік-құқықтық базасы, ҚР Президентінің Жарлықтары, заңдар, ҚР Үкіметінің қаулылары, халықаралық экономикалық ұйымдардың, Дүниежүзілік Банктің ұсыныстары талданған.

Магистрлік жобаны жазу барысында салыстырмалы талдау, деректерді топтастыру, жүйелік талдау қолданылды.

Барлық жүргізілген, оның ішінде НҚА-ны, әдеби дереккөздерді, статистикалық деректерді, камералдық бақылау нәтижелерін, талдауды сомдай келе, мынадай қорытындыға келеміз:

- біздің мемлекетімізде мемлекеттік сатып алу процесі жеткілікті дамыған заңнамалық базамен реттеледі, алайда бұл НҚА-ға көбінесе мемлекеттік сатып алу субъектілері арасында бәсекеге қабілетті ортаны дамыту үшін белгілі бір қиындықтар туғызатын өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Сондықтан Мемлекет басшысы 2024 жылы әзірленіп, қолданысқа енгізілуі жоспарланып отырған мемлекеттік сатып алу туралы мүлдем жаңа заң құру туралы идеяға бастамашы болды: «Сапалы түрде жаңа мемлекеттік сатып алу жүйесін құру қажет. Ең төменгі баға емес, сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасы басымдыққа ие болуы керек. Мемлекеттік және квазимемлекеттік ұйымдардың сатып алуларын бірыңғай платформаға ауыстыру қажет. Осы тәсілдерді іске асыру үшін мемлекеттік сатып алу туралы жаңа заң қабылдау қажет» [13];

- конкурс тәсілімен жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алудың жалпы көлемінде басым болып табылатынына қарамастан (50%-дан астам), мемлекеттік сатып алудың едәуір көлемі бір көзден (30%-дан астам) тәсілмен жүзеге асырылады, бұл қолданыстағы мемлекеттік сатып алу жүйесі механизмінің төмен тиімділігін көрсетеді;

- жарияланған конкурстардың жалпы санындағы ашық конкурстардың үлесі өте төмен, 2018 жылдан 2021 жылға дейін 20%-дан аспайды және тек 2022 жылы ол 34,9% құрады;

- 2018-2022 жылдары жүргізілген электрондық камералдық бақылау талдауының нәтижелері бұзушылықтармен жүргізілген мемлекеттік сатып алу сомасы қомақты екенін көрсетеді – триллион теңгеден астам. Бұл қолданыстағы мемлекеттік сатып алу жүйесі оны жаңғыртуды қажет етеді деген қорытындыға итермелейді;

- бірдей өңірлер жылдан жылға мемлекеттік сатып алуды бұзушылықтармен жүзеге асырады. Біздің ойымызша, осы өңірлерде мемлекеттік сатып алуды жоспарлау мен жүзеге асыруға жауапты мемлекеттік органдар мен бизнес-құрылымдардың бірінші басшыларының жауапкершілік шараларын қайта қарау қажет.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1 Смотрицкая И.И. Модернизация государственных закупок: новый взгляд на развитие системы // Этап: экономическая теория, анализ, практика. – 2011. - №3. – С. 33-44.

2 Бахтиярова С.Б. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сатып алуды басқару жүйесін жетілдіру: магистрлік жоба. – Нұр-Сұлтан, 2022.

3 Федотов Д.А. Эконометрическое моделирование начальной цены контракта в сфере государственных закупок на примере цены системных блоков // Российское предпринимательство. – 2019. – Том 20. – №4. – С. 997-1006.

4 Шибанова А.А. Развитие контрактных систем в России, США и Евросоюзе // Экономические отношения. – 2019. – Том 9. – №2. – С. 661-668.

5 Аубакирова Б.Б., Горковенко Л.А., Протасова О.В. Проблемы и перспективы развития системы электронных государственных закупок в РК // Инновационная экономика: перспективы развития и совершенствования. – 2018. - №3. – С. 21-26.

6 Мухтар Е.С. Регулирование логистических процессов в системе государственных закупок Республики Казахстан: проблемы и перспективы: дисс. ... докт. филос. – Алматы, 2017.

7 Рамазан С.А. Совершенствование процедур проведения государственных закупок Республики Казахстан: магистерский проект. – Нур-Султан, 2021.

8 Шарипов А.К., Ормышев А.И. Осуществление государственных закупок на организованных электронных торгах и через товарные биржи в Республике Казахстан // Молодой ученый. – 2015. - №12. – С. 523-526.

9 Тюрина Ю.Г., Шуина А.А. Финансирование государственных закупок товаров (работ, услуг) для обеспечения государственных (муниципальных) нужд: проблемы и современные тенденции // Экономические отношения. – 2019. – Том 9. – №4. – С. 3001-3018.

10 Система государственных закупок: теоретический и практический аспекты: монография / под ред. Л.И. Юзвович, Н.Ю. Исаковой. – Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2019. – 233 с.

11 Картавых К.Е. Обеспечение экономической безопасности в сфере управления государственными закупками: дисс. ... канд. экон. наук. – Киров, 2020.

12 Никифорова Л.В. Государственные закупки как фактор развития регионального промышленного комплекса: автореф. на соис. ... канд. экон. наук. – М., 2010.

13 Родионова Ю.Д. Стратегии поведения поставщиков на рынке государственных закупок: дисс. ... канд. экон. наук. М. 2020.

14 Есмагамбетов Д.Б., Кожумов А.С. Эффективность расходования бюджетных средств при осуществлении государственных закупок / Нур-Султан, 2021.

15 Ниязов А. Повышение эффективности системы конкурсных закупок: монография. – Караганда, 2018. – 243 с.

16 Елшібаев Р.Қ., Кожабаетова С.А., Бейсенғалиев Б.Т. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу нарығының тиімділігін арттыру жолдары // Государство и бизнес: теория и практика управления. – 2021. - №3. – С. 77-89.

17 Антонов В.И., Киселева О.В. Зарубежный опыт регулирования размещения государственного заказа и возможность его использования в Российской практике // Современные проблемы науки и образования. – 2013. – № 3. – С. 288.

18 Борисова Е.Р. Сферы регулирования и принципы международных и Российской систем государственных закупок // Вестник Российского университета кооперации. 2016. № 3(25). – С.15-18.

19 Совершенствование системы закупки товаров, работ и услуг для государственных нужд. - М., 2003. – 361 с.

20 Касянчик П.И. Прокьюремент и государственные закупки. //Вестник ИрГТУ. – 2011.- №4. – С. 153-160.

21 Мубаракшина Э.Р. Зарубежный опыт организации государственных закупок // Вестник науки и образования №16 (52). Часть 1. 2018.

22 Beata Grzyl, Magdalena Apollo, Emilia Miszewska-Urbańska, and Adam Kristowski. The criteria for evaluation and selection the best tender applied by the authorities in Poland and selected EU countries. MATEC Web of Conferences 219, 04006 (2018) <https://doi.org/10.1051/matecconf/201821904006> BalCon 2018.

23 Francis Ssenoga. Examining discriminatory procurement practices in developing countries. // Journal of public procurement, volume 6, issue 3, 218-249, 2006.

24«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V Заңы. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000434>. Жүгінген күні: 10.04.2023.

25«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығы. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012590>. Жүгінген күні: 10.04.2023.

26 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін уәкілетті орган анықтайтын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі №798 бұйрығы. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900019121>. Жүгінген күні: 10.04.2023.

27 «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V Заңы. // «Әділет» Қазақстан

Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>. Жүгінген күні: 10.04.2023.

28 «Тауарлық биржалары туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 мамырдағы № 155-IV Заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900019121>. Жүгінген күні: 10.04.2023.

29 Камалиева А.Е. Аукцион в госзакупках РК: как проводится электронный аукцион в государственных закупках в 2023 году // Портал информационной поддержки юристов и специалистов по государственным закупкам. – URL: <https://gz.mcfr.kz/article/584-auksion-goszakupki-rk>. Жүгінген күні: 14.04.2023.

30 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі», 02.09.2019. // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. – URL: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy. Жүгінген күні: 05.04.2023.

31 «Квзимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 8 маусымдағы №47-VII Заңы. Заңы. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000047>. Жүгінген күні: 10.04.2023.

32 «Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда, квзимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 30 қарашадағы №1253 бұйрығы. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100025488>. Жүгінген күні: 10.04.2023.

33 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығы. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012590>. Жүгінген күні: 10.04.2023.

34 «Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және жүргізудің қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №694 бұйрығы. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012618>. Жүгінген күні: 10.04.2023.

35 «Мемлекеттік сатып алу саласында өз қызметін жүзеге асыратын жұмыскерлерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру

қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №697 бұйрығы. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012667>. Жүгінген күні: 10.04.2023.

36 Assessment of public procurement systems of the Republic of Kazakhstan and JSC "National Welfare Fund "Samruk-Kazyna". 2019.

37 «Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1200 қаулысы. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500001200>. Жүгінген күні: 10.04.2023.

38 «Мемлекеттік сатып алу туралы жыл сайынғы есепті дайындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 4 ақпандағы №104 бұйрығы. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000019984>. Жүгінген күні: 10.04.2023.

39 «Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбелерін анықтау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №1127 бұйрығы. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800018120>. Жүгінген күні: 10.04.2023.

40 «Біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 31 мамырдағы №521 бұйрығы. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018768>. Жүгінген күні: 10.04.2023.

41 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін уәкілетті орган анықтайтын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі №798 бұйрығы. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900019121>. Жүгінген күні: 10.04.2023.

42 «Негіздемелік келісім пайдаланылатын конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы

министрінің 2022 жылғы 17 қаңтардағы №44 бұйрығы. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026525>. Жүгінген күні: 10.04.2023.

43 «Электрондық тауарлар каталогінен мемлекеттік сатып алу арқылы жүзеге асырылатын тауарлардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 19 қаңтардағы №52 бұйрығы. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026579>. Жүгінген күні: 10.04.2023.

44 «Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің өмірлік циклі құнының есептемесі пайдаланылатын конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының - Қаржы министрінің 2022 жылғы 28 қарашадағы № 1203 бұйрығы. // Информационная система «Параграф». – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36077104#activate_doc=2. Жүгінген күні: 13.04.2023.

45 «Мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай операторды айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 23 тамыздағы №516 бұйрығы. // «Электрондық қаржы орталығы» АҚ ресми сайты. – URL: <https://ecc.kz/company/regulatory>. Жүгінген күні: 13.04.2023.

46 Итоги 2022 года в сфере государственных закупок. // Информационная система «Параграф». – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33718457&pos=4;-100#pos=4;-100. Жүгінген күні: 13.04.2023.

47 Мемлекеттік сатып алу саласындағы 2022 жылдың қорытындылары // Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ресми сайты. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/press/news/details/514113?lang=kk>. Жүгінген күні: 14.04.2023.

48 «Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №598 бұйрығы. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012599>. Жүгінген күні: 10.04.2023.

49 «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдегі №242 Заңы. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000047>. Жүгінген күні: 15.04.2023.

Қосымша

Құрметті респондент! «Ашық конкурс тәсілі арқылы мемлекеттік сатып алу механизмінің тиімділігін арттыру» магистрлік жобасы аясында жүргізілмекші сауалнамаға қатысуыңызды сұраймын. Сіздің пікірлеріңіз қатаң құпия, сауалнама анонимді және нәтижелер зерттеу аясында пайдаланылады.

Уважаемый респондент! Прошу Вас принять участие в опросе, проводимого в рамках магистерского проекта «Совершенствование эффективности механизма государственных закупок способом открытого конкурса». Ваши мнения строго конфиденциальны, опрос анонимный, а результаты будут использованы в рамках исследования.

1. Сіздің жынысыңыз / Ваш пол

- 1) ер / мужской
- 2) әйел / женский

2. Сіздің жасыңыз / Ваш возраст

- 1) 21-30
- 2) 31-40
- 3) 41-50
- 4) 51-60
- 5) 60-тан аса / старше 60

3. Өңіріңізді көрсетіңіз / Укажите Ваш регион

- 1) Ақмола облысы / Акмолинская область
- 2) Ақтөбе облысы / Актюбинская область
- 3) Алматы облысы / Алматинская область
- 4) Атырау облысы / Атырауская область
- 5) БҚО / ЗКО
- 6) Жамбыл облысы / Жамбылская область
- 7) Қарағанды облысы / Карагандинская область
- 8) Қостанай облысы / Костанайская область
- 9) Қызылорда облысы / Кызылординская область
- 10) Маңғыстау облысы / Мангистауская область
- 11) Павлодар облысы / Павлодарская область
- 12) СҚО / СКО
- 13) Түркістан облысы / Туркестанская область
- 14) ШҚО / ВКО
- 15) Абай облысы / Абайская область
- 16) Жетісу облысы / Жетысуская область
- 17) Ұлытау облысы / Улытауская область
- 18) Алматы қ. / г. Алматы

- 19) Астана қ. / г. Астана
- 20) Шымкент қ. / г. Шымкент

4. Сіздің ойыңызша, біздің елімізде мемлекеттік сатып алу өрісінде қандай мәселелер бар? (Бірнеше жауап нұсқасын таңдауға болады) / По-вашему, какие проблемы в сфере госзакупок в нашей стране имеют место? (Можно выбрать несколько вариантов ответа)

1) тапсырыс туралы ақпараттың жеткіліксіздігі / недостаток информации о заказах

2) тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) функционалдық сипаттамаларына (тұтыну қасиеттеріне) қойылатын дұрыс емес талаптар / некорректные требования к функциональным характеристикам (потребительским свойствам) товаров (работ, услуг)

3) олардың сауда-саттыққа қатысу мүмкіндігін шектейтін өнім берушілерге негізсіз талаптар / необоснованные требования к поставщикам, ограничивающие возможность их участия в торгах

4) жасанды әкімшілік кедергілер жасау / создание искусственных административных барьеров

5) тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) қабылдау кезіндегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық («басқа» деген тармақта сатып алу процесінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық нақты қай жерде көрінетінін көрсетуге болады) / коррупционное правонарушение при приеме товаров (работ, услуг) (в пункте «иное» можно прописать где именно проявляется коррупционное правонарушение в процессе закупок)

б) техникалық күрделілігіне қатысты сатып алуды өткізудің электрондық алаңдары қанағаттандырмайды / не устраивают электронные площадки проведения закупок, касательно технической сложности

7) құжаттамаларды ресімдеуге және ұсынуға қатысты сатып алуды өткізудің электрондық алаңдары қанағаттандырмайды / не устраивают электронные площадки проведения закупок, касательно оформления и предоставления документов

8) сатып алуды өткізудің электрондық алаңдары қанағаттандырмайды, өйткені тапсырыс берушілер мен ұйымдастырушылар сатып алуды өткізу кезінде құжаттамада көптеген қателіктер жібереді / не устраивают электронные площадки проведения закупок, так как заказчики и организаторы допускают много ошибок в документах при проведении закупок

9) басқа / иное _____

5. Сіз көрсеткен мәселенің қандай шешімін ұсына аласыз? / Какое решение указанных Вами проблем, Вы можете предложить?

- 1) _____
- 2) _____

**6. Сіздің сатып алуға қатысу тәжірибеніз қаншалықты ұзақ? /
Насколько продолжителен Ваш опыт участия в закупках?**

- 1) бір жылдан аз / менее одного года
- 2) 1 жылдан 3 жылға дейін / от года до 3 лет
- 3) 3 жылдан астам / более 3 лет
- 4) басқа / иное _____

7. Соңғы жылы Сіздің ұйымыңыз сатып алу нәтижелері бойынша қаншалықты жиі жабдықтаушы (мердігер, орындаушы) болды? / Как часто за последний год Ваша организация становилась поставщиком (подрядчиком, исполнителем) по результатам закупок?

- 1) бірде-бір рет болған жоқ / ни разу не становилась
- 2) 1-ден 10 ретке дейін / от 1 до 10 раз
- 3) 11-ден 20 ретке дейін / от 11 до 20 раз
- 4) 20-дан астам рет / более 20 раз

8. Неліктен, сіздің ойыңызша, келісімшарттардың едәуір бөлігі өткізілмеген сауда-саттықтың қорытындысы бойынша жасалады? / Почему, на Ваш взгляд, значительная часть контрактов заключается по итогам несостоявшихся торгов?

- 1) сауда-саттыққа қатысуды жасанды түрде шектеу / искусственное ограничение допуска к участию в торгах
- 2) сауда-саттыққа қатысушыларға қойылатын талаптардың дұрыс қалыптастырылмауы / некорректное формирование требований к участникам торгов
- 3) бәсекенің төмен деңгейі / низкий уровень конкуренции
- 4) сауда-саттық туралы ақпараттың жеткіліксіздігі / недостаток информации о торгах
- 5) жабдықтаушылардың келісімі / сговор поставщиков
- 6) техникалық сипаттаманы белгілі бір жабдықтаушыға арнайы «бағыттау» / «заточка» технической спецификации под определенного поставщика
- 7) басқа / иное _____

9. Сіз мемлекеттік сатып алу жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа кез болдыңыз ба, егер кез болсаңыз қандай элементтерімен? («басқа» деген тармақта көрсетуге болады) / Сталкивались ли Вы с коррупционными правонарушениями в системе госзакупок, если да то с какими элементами сталкивались? (можно прописать в пункте «иное»)

- 1) сыбайлас жемқорлық жағдайларына кез болғаным жоқ / со случаями коррупции не сталкивался
- 2) бір рет / один раз
- 3) бірнеше рет / неоднократно
- 4) басқа / иное _____

10. Сіздің ойыңызша, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың қай кезеңінде сыбайлас жемқорлық факторлары көбірек байқалады? (Бірнеше жауап нұсқасын таңдауға болады) / На каком этапе осуществления госзакупок, на Ваш взгляд, наиболее проявляются коррупционные факторы? (Можно выбрать несколько вариантов ответа)

- 1) құжаттаманы дайындау кезеңінде / на этапе подготовки документации
- 2) сатып алу рәсімін өткізу кезеңінде / на этапе проведения процедуры закупок
- 3) келісім-шарттарды орындау кезеңінде, тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) қабылдау кезінде / на этапе исполнения контрактов, при приемке товаров (работ, услуг)
- 4) басқа / иное _____

11. Егер Сізде ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу өрісіндегі заңнаманы және құқық қолдану практикасын жетілдіру бойынша ұсыныстарыңыз болса, көрсетуіңізді сұраймыз / В случае если у Вас есть предложения по совершенствованию законодательства и правоприменительной практики в сфере государственных закупок способом открытого конкурса, просим указать

- 1) ұсыныстарым бар («басқа» деген тармақта көрсетуге болады) / есть предложения (можно прописать в пункте «иное»)
- 2) ұсыныстар жоқ / нет предложений
- 3) басқа / иное _____